

Ж.К. Каримова¹ , **С.Т. Қалдыбек^{2*}** 

¹ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, Қазақстан, Астана қ.

²Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kaldybekovas@gmail.com

ФЕМИНИСТІК МАРШТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ТАЛДАУ

Мақалада әйелдер қозғалысының қалыптасу үдерісі феминистік шерулерді өткізудегі халықаралық және қазақстандық тәжірибе призмасы арқылы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы әйелдер қозғалысының қалыптасу процестерін жақсырақ түсіну үшін феминистік шерулердің тарихын, ұлттық және шетелдік тәжірибесін салыстырмалы талдау. Мақалада феминистік марштың өзінің пайда болу кезеңіндегі төрт биік толқындары сипатталған. Сонымен қатар қазақстандық тәжірибедегі әйелдер маршының басқа елдердің мысалында салыстырыла отырып, белгілі бір елдің саясатына байланысты феминистік қозғалыстарға деген сақтық қарым-қатынасы, сонымен қатар әйелдер құқықтарын қамтамасыз етудегі мәселелері көтерілді.

Зерттеудің әдістемелік негізі ретінде салыстырмалы талдау, әлеуметтанулық зерттеу әдістері бұқаралық ақпарат құралдарын контент-талдау, тереңдетілген сұхбат, сауалнама әдістері қолданылды. Бұл шетелдік және қазақстандық феминистік марштың даму тарихын, әр түрлі мемлекеттердің саясатына байланысты жалпылай және айрықша ерекшеліктерін анықтауға, ал сұхбат әдісі Қазақстандағы феминизмнің қазіргі жағдайы мен марш ұйымдастырудағы мәселелер жайында ақпараттар алуға мүмкіндік берді.

Жұмыстың негізгі нәтижелері бойынша, авторлар тек феминистік қозғалыс пайда болғаннан бастап әйелдердің құқықтарын үнемі және жүйелі түрде қорғады, ал қозғалыстың нәтижелілігі (атап айтқанда, қазіргі уақытта және ХХ ғасырдың басында әйелдерге экономикалық, азаматтық және саяси құқықтарды, ең алдымен сайлау құқығын беру) феминистік қозғалыстың қоғамдық-саяси өмірде маңызды рөл атқарғанын тұжырымдайды. Сондай-ақ талдау қазақстандық феминистік марштарды ұйымдастыруда саяси билік тарапынан толыққанды қолдау болмайтындығын және марштар өткізуге рұқсат алудың өзі үлкен күш пен қажырлы еңбекті талап ететінін көрсетті. Зерттеудің практикалық маңыздылығы зерттеуде алынған тұжырымдарды әйелдердің қоғамдық-саяси ұйымдарының жұмысында, әйелдер қозғалысының тарихы бойынша отандық тарих, саясаттану және әлеуметтану курстарын дайындауда қолдануға болатындығымен анықталады.

Түйін сөздер: гендер, феминизм, феминистік марш, әйелдер қозғалысы, халықаралық тәжірибе, саясат.

Zh.K. Karimova¹, S.T. Kaldybek^{2*}

¹ KazISS under the President of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Astana

² Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kaldybekovas@gmail.com

The formation of the feminist march: analysis of international and kazakh experience

The article examines the process of formation of the women's movement through the prism of international and Kazakh experience of feminist marches. The purpose of the study is a comparative analysis of national and foreign practices of feminist marches for a better understanding of the processes of formation of the women's movement in Kazakhstan. The article describes four high waves of the feminist march during its appearance. At the same time, comparing the experience of the Kazakh and foreign women's March, questions were raised about the cautious attitude towards feminist movements in connection with the policy of a particular country, as well as in ensuring women's rights.

The methods of historical and comparative analysis, in-depth interviews and questionnaires were used as the methodological basis of the study. This made it possible to reveal the history of the development of the foreign and Kazakh feminist march, its common and distinctive features related to the

politics of various states, and the interview method allowed to obtain information about the current state of feminism in Kazakhstan and the problems of organizing the march.

According to the results of the research, the authors conclude that only the feminist movement has constantly and systematically defended the rights of women since its inception, and the effectiveness of the movement (in particular, the provision of economic, civil and political rights to women at the present time and at the beginning of the twentieth century, primarily suffrage) was that the feminist movement played an important role in social and political life. The analysis also showed that the organization of Kazakhstan feminist marches did not have full support from the political authorities and obtaining permission to hold marches requires great effort and painstaking work. The practical significance of the study is determined by the fact that the conclusions obtained in the study can be used in the work of women's socio-political organizations, in the preparation of courses in national history, political science and sociology on the history of the women's movement.

Key words: gender, feminism, feminist march, women's movement, international experience, politics.

Ж.К. Каримова¹, С.Т. Қалдыбек^{2*}

¹ КИСИ при Президенте РК, Казахстан, г. Астана

² Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kaldybekovas@gmail.com

Становление феминистского марша: анализ международного и казахстанского опыта

В статье изучается процесс становления женского движения сквозь призму международного и казахстанского опыта проведения феминистских маршей. Целью исследования является сравнительный анализ национальных и зарубежных практик феминистских маршей для лучшего понимания процессов становления женского движения в Казахстане. В статье описаны четыре высокие волны феминистского марша в период его появления. Вместе с тем, сравнивая опыт казахстанского и зарубежного женского марша, были подняты вопросы настороженного отношения к феминистским движениям в связи с политикой конкретной страны, а также в обеспечении прав женщин.

В качестве методологической основы исследования использовались методы историко-сравнительного анализа, углубленного интервью и анкетирование. Это позволило выявить историю развития зарубежного и казахстанского феминистского марша, его общие и отличительные особенности, связанные с политикой различных государств, а метод интервью позволил получить информацию о современном состоянии феминизма в Казахстане и проблемах организации марша.

По результатам исследований авторы делают вывод, что только феминистское движение постоянно и систематически защищало права женщин с момента своего появления, а результативность движения (в частности, предоставление женщинам экономических, гражданских и политических прав в настоящее время и в начале XX века, прежде всего избирательного права) заключалась в том, что феминистское движение сыграло важную роль в общественно-политической жизни. Также анализ показал, что в организации казахстанских феминистских маршей не было полной поддержки со стороны политической власти и получение разрешения на проведение маршей требует больших усилий и кропотливой работы. Практическая значимость исследования определяется тем, что полученные в исследовании выводы могут быть использованы в работе женских общественно-политических организаций, при подготовке курсов отечественной истории, политологии и социологии по истории женского движения.

Ключевые слова: гендер, феминизм, феминистский марш, женское движение, международный опыт, политика.

Кіріспе

Әйелдер маршы форматында феминистік қозғалыстың жандануын қамтамасыз ететін феминизм мәселелері белсенді дамып келе жатқан ғылыми зерттеулердің пәніне айналып үлгерген. Бір кездері таза феминистік деп саналатын көптеген идеялар қазір үйреншікті жағдайға айналды. Осы тұрғыдан қарағанда, әйелдердің өз

құқықтары үшін күресінің тарихы, феминизм тарихы – адамзаттың әлеуметтік тарихының ажырамас бөлігі.

Соңғы онжылдықтарда феминистік қозғалыс қоғамдық пікірталастар мен ғылыми зерттеулердің тақырыбына айналғанына қарамастан, әйелдерді кемсітушілік және феминизмге қарсы теріс пікірлер мен идеологиялар әлі де орын алуда. Нарықтық экономикаға және құқықтық

мемлекетке көшу адамдарға көптеген жаңа мүмкіндіктер берді. Жұмыспен қамту саласында жұмысшының негізгі эталоны ер адам болып қала береді. Заңнамада әйелдердің құқықтарын қорғаудың түрлі шаралары қарастырылған, бірақ іс жүзінде олар сақталмайды.

Осы себептен болар, қоғамдағы ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздіктен туындаған әйелдер проблемалары бойынша радикалды және либералды реформалар үшін бірқатар қоғамдық қозғалыстар мен марштар әлемнің әр түкпірінде бүгінгі күннің өзінде болып отырады.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, біздің еліміздегі әйелдердің рөлін, оның тарихының барлық кезеңдерін қарастырып зерттеу, қазақстандық әйелдердің қоғамның экономикалық және рухани өмірінің дамуына қосқан үлесін толық, жан-жақты талдау маңызды. Қазақстандық әйелдер маршы форматында және олардың теңдігі жағдайындағы әйелдер қозғалысының ғылыми тұрғыда аз зерттелуі, оның әйелдерді азат етудегі орны мен рөлі және олардың қоғамдағы мәртебесінің өзгеруі авторды осы тақырыпта зерттеу жүргізуге итермеледі.

Осы мақала шеңберіндегі зерттеудің басты мақсаты – әйелдер маршының пайда болу тарихы мен қазіргі жағдайын шетелдік және қазақстандық тәжірибелерді салыстыра отырып зерттеу және де феминистік қозғалыстың қалыптасуы мен дамуын жан-жақты талдау, оның Қазақстанның саяси жүйесіндегі рөлін анықтау және әйелдердің мәртебесін көтерудегі әлеуметтік-тарихи тәжірибені синтездеу. Зерттеудің мақсатына жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- тақырыптың зерттелу дәрежесін белгілеу, феминистік қозғалыс тарихнамасына ғылыми-сыни талдау жасау;

- феминистік қозғалыстың пайда болуына және дамуына ықпал еткен саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени алғышарттарды анықтау;

- шетелдік және қазақстандық әртүрлі тарихи кезеңдердегі қозғалыстың негізгі бағыттарын сипаттау, феминистік қозғалыстың нәтижелерін, оның Қазақстанның әлеуметтік және мәдени өміріне әсерін қарастыру.

- биліктің феминизмге қатынасының әйелдер маршының дамуына тигізетін әсерін сипаттау.

Халықаралық және соңғы отыз жылдағы Қазақстандағы феминистік қозғалысының дамуын сипаттамас бұрын, тарихнамада *феминистік қозғалыс* тұтастай алғанда әртүрлі ұйымдар мен жергілікті бастамалардың көлденең және өзін-өзі ұйымдастырған қызметі ретінде түсінілетінін

атап өткен жөн. Ол ең алдымен көшбасшылық пен билікке ие емес әйелдердің мүдделерін ілгерілетуге және гендерлік теңсіздікті жеңуге бағытталған.

Феминистік қозғалыс ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздіктен туындаған әйелдер проблемалары бойынша радикалды және либералды реформалар үшін бірқатар қоғамдық қозғалыстар мен саяси науқандарды білдіреді (Young, 1997). Мұндай мәселелердің қатарында – әйелдердің азаттығы, репродуктивті құқықтары, тұрмыстық зорлық-зомбылық, декреттік демалыс, тең жалақы, әйелдердің сайлау құқығы, жыныстық қудалау және жыныстық зорлық-зомбылық. Феминистік қозғалыстың басымдықтары әрбір жеке елдегі немесе аймақтағы әлеуметтік-саяси және тарихи контекстіге қарай өзгеріп отырады. Басымдықтар бір елде әйелдердің жыныс мүшелеріне зиян операцияға қарсы тұрудан бастап, басқа елде «шыны төбеге» қарсы тұруға дейінгілерді қамтиды.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдіснамалық негіздері «феминизм», «феминистік қозғалыс» ұғымдарының мәнін, қоғамда феминистік идеялардың пайда болуының негізгі алғышарттарын ашады, феминизмнің әйелдер қозғалысының теориясы мен практикасы ретінде қалыптасу кезеңдері, яғни «феминистік толқындар» ерекшеленеді.

Тақырыптың тарихнамасын талдауға кірісе отырып, «феминизм» термині әйелдердің тең құқықтары мен құқықтық қорғалуын орнатуға бағытталған саяси, мәдени немесе экономикалық қозғалысты сипаттау үшін қолданылуы мүмкін. Және феминизм тарихын төрт толқынға бөлуге болады (Walker, Hamm, 1992). Бірінші феминистік толқын XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында, екіншісі 1960-1970 жылдары, үшіншісі 1990 жылдардан 2005 жыл, төртіншісі 2005 жылдан қазіргі уақытқа дейін болды. Феминистік теория осы феминистік қозғалыстардан пайда болды. Ал, «феминистік қозғалыс» ұғымы әйелдер мен ерлердің құқықтарын теңестіру үшін қоғамдық қозғалыс ретінде түсініледі.

Зерттеу мақсатына жету үшін зерттеу барысында әдістемелік негіз ретінде салыстырмалы талдау, статистикалық деректерді талдау, әлеуметтанулық зерттеу әдістері бұқаралық ақпарат құралдарын контент-талдау, сауалнама, тереңдетілген сұхбат әдістері қолданылды. Мұндағы салыстырмалы талдау әдісі зерттелетін құбылысты толығымен қарастыруға мүмкіндік бере-

ді және қазіргі Қазақстандағы әйелдер қозғалысының рөлі мен маңыздылығын толық түсінуге ықпал ететін жалпы және жеке салыстыру принциптерін қолданады. Бұл әдістер шетелдік және қазақстандық феминистік марштың даму тарихын, әр түрлі мемлекеттердің саясатына байланысты жалпылай және айрықша ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Шетелдік тәжірибені қарастыруда АҚШ, Еуропа елдері, Қытай және Ресей мемлекеттеріндегі феминистік қозғалыстар негізге алынды. Бұқаралық ақпарат құралдарын контент-талдау әдісінің көмегімен Қазақстандағы феминистік қозғалысқа қатысты өзгерістер мен ілгерілеулерді анықтау үшін уақытпен салыстырмалы зерттеулер жасалды. Қазіргі жастардың феминистік қозғалысқа, оның қатысушылары мен қызметіне қатынасын зерттеу мақсатында сауалнама жүргізілді. Қазақстандағы феминизмнің қазіргі жағдайы мен марш ұйымдастырудағы мәселелер жайында ақпараттар алу үшін тереңдетілген сұхбат әдісі арқылы зерттеу жүргізілді.

Феминизмнің төрт толқынын зерттеуде арнайы және ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар, аталмыш феноменді зерттеу барысында жүйелік тәсіл қолданылды, соның негізінде феминизмнің төрт толқынының арасында байқалған өзара байланыстар көрсетілді.

Жалпы, зерттеудің әдістемелік негізі тарихи зерттеудің негізін құрайтын ғылыми әдістердің жиынтығы болып табылады: өткен құбылыстарды талдауға нақты тарихи көзқарас, ғылыми объективтілік, тарихи құбылыстарды талдауға кешенді көзқарас, олардың көп аспектілерін ескереді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Зерттеу нәтижелеріне бойынша, феминизмнің төрт толқынын зерттеуде арнайы және ғылыми әдебиеттер талданды. Және де феноменді зерттеу барысында жүйелік тәсіл негізінде феминизмнің төрт толқынының арасында байқалған өзара байланыстар көрсетілді. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибені ескере отырып, біздің еліміздегі әйелдердің рөлін, әйелдер қозғалысы тарихының барлық кезеңдерін қарастырып зерттеліп, қазақстандық әйелдердің қоғамның экономикалық және рухани өмірінің дамуына қосқан үлесін толық жан-жақты талданды. Қазіргі жастардың феминистік қозғалысқа, оның қатысушылары мен қызметіне қатынасын зерттеу мақсатында сауалнама жүргізілді. Қазақстандағы

феминизмнің қазіргі жағдайы мен марш ұйымдастырудағы мәселелер жайында ақпараттар алу үшін тереңдетілген сұхбат алынып, феминизм мен марш ұйымдастырудағы саяси биліктің ықпалы, марш өткізу қиындықтары туралы сұрақтарға жауаптар алынды.

Ғасырдың басынан бері феминизм батыс әлемінің кейбір бөліктеріндегі тұрақты қозғалысқа айналды. Ғылыми әдебиеттерді зерттеу бойынша, Мэри Уолстонкрафтты көптеген ғалымдар феминизмнің негізін қалаушы ретінде қарастырады, өйткені оның 1792 жылы «Әйел құқығын қорғау» атты кітабы бар, онда ол әйелдердің білімін қолдайды (Hanley, 2013). Утопиялық социалист және француз философы Чарльз Фурье 1837 жылы «феминизм» сөзін ойлап тапқан (Goldstein, 1982). «Феминизм» және «феминист» сөздері алғаш рет Франция мен Нидерландыда 1872 жылы, Ұлыбританияда 1890 жылдары және 1910 жылы Америка Құрама Штаттарында пайда болды (Cott, 1987).

Тақырыптың тарихнамасын талдауға кірісе отырып, «феминистік қозғалыс» ұғымын қалай түсінеміз деген сұраққа жауап берген жөн. Сөздің кең мағынасында феминизм әрі дүниетаным, әрі әлеуметтік қозғалыс, әрі мәдениеттің баламалы теориясы болып табылады, мұнда негізгі бағымдықтар жынысына қарамастан адамның құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Шынында да, бүгінгі таңда әйелдердің алдында тұрған көптеген нақты және ауыр проблемалар оларды түсінуге және шешуге кешенді көзқарасты қажет етеді. Демек, қазіргі феминистік қозғалыстың әртүрлі бағыттарының болуы да осы себептен болуы керек.

Алайда тарихи тұрғыда бұл ұғымды нақтырақ түсіндіру әдетке айналған. Феминистік қозғалыс әйелдер мен ерлердің құқықтарын теңестіру үшін қоғамдық қозғалыс ретінде түсініледі.

Сондай-ақ, отандық әдебиеттерде феминистік және әйелдер қозғалысы ұғымдары жиі араласатынын атап өткен жөн. Осыған байланысты, зерттеу барысында аталған терминдерді анықтау орынды. Мұндағы, әйелдер қозғалысы – бұл қандай да бір материалдық, саяси, рухани немесе басқа қызығушылықты қанағаттандыру мақсатында қоғамда белсенді әрекет ететін көптеген әйелдер ұйымдарының, тұрақты және тұрақты емес мүшелік топтары мен бірлестіктерінің жиынтығы. «Әйелдер қозғалысы» ұғымы кәсіби, ғылыми, шығармашылық, әлеуметтік, діни және басқа да мүдделерге негізделген әйелдер бірлестіктерінің алуан түрлілігін қамтиды. Ал, «феминистік қозғалыс» тар ұғым болып табыла-

ды және нақты азаматтық, саяси және экономикалық құқықтар үшін күресті білдіреді.

Феминизм қозғалыс ретінде *толқындар* деп аталатын төрт биік сәттердің сериясын бастан өткерді. Әр толқын белгілі бір мәдени кезеңді және әйелдердің қозғалыстарға қатысуын көрсетеді. Феминистік қозғалыс әйелдердің қоғамдағы әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайын өзгертетін бірқатар саяси және әлеуметтік іс-шаралар қатарында тұр. Феминизмнің көптеген формалары бар болса да және көптеген толқындардан өткенімен, қазіргі қоғамдағы әйелдердің бағынышты жағдайын жеңілдету үшін оның маңызы басым. (Malinowska, 2020). Зерттеу негізінде әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері мен талаптары бөліп көрсетілді (1-кесте).

Бірінші толқын феминизмі орта немесе жоғарғы таптағы ақ нәсілді әйелдердің жағдайына бағытталып, сайлау құқығы мен саяси теңдік, білім, меншік құқығы, ұйымдық көшбасшылық және неке бостандықтарын қамтыды (Gamble, 2004).

Феминизмнің екінші толқыны әлеуметтік және мәдени теңсіздіктерге қарсы күресті жалғастыруға тырысты. Феминизмнің бірінші толқыны негізінен орта таптағы ақ нәсілді әйелдерді қамтығанымен, екінші толқын әртүрлі әлеуметтік топтағы әйелдердің, басқа нәсілді әйелдердің және ынтымақтастыққа ұмтылған басқа даму-

шы елдердегі әйелдердің мүддесін алға тартты (Henry, 2012).

Феминизмнің үшінші толқыны әйелдердің бизнестегі және үй өміріндегі қаржылық, әлеуметтік және мәдени теңсіздіктерімен күресті жалғастырды және саясат пен бұқаралық ақпарат құралдарында әйелдердің ықпалын күшейту үшін жаңарған нақанды қамтыды. Саяси белсенділікке жауап ретінде феминистер әйелдердің аборт жасату құқығы сияқты репродуктивті құқықтарына да ерекше назар аударуға мәжбүр болды.

Төртінші толқын феминизмі дәстүрлі маргиналды топтардың, сондай-ақ олардың айналасындағы әлемнің әлеуметтік стратификациясына ықпал ететін өзара байланысты билік жүйелерін өзгертуге талпынды (Brooks, 2002).

Феминизм әйелдерге саяси құқықтар мен бостандықтар беру қажеттігін дәлелдеуден басталған әйелдер қозғалысының ұзақ та қиын жолына өзінің пайда болуымен байланысты. Әрбір нақты тарихи жағдайдағы әйелдер қозғалысы әртүрлі мақсаттарды көздеді: әйелдердің сайлау құқығына қол жеткізу, еркектермен тең дәрежеде білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету, жоғары әлеуметтік жағдайға ие әйелдердің санын көбейту, сондай-ақ әйелдердің ажырасу құқығын, мүлктік құқықтарын, бала күтімі міндеттеріндегі теңдікке қол жеткізу.

1-кесте – Феминизмнің 4 толқынының ерекшеліктері мен талаптары

Толқын	Кезең	Ерекшеліктері	Талаптары	Агенттері
Бірінші толқын	1940-1960	Либерализм	Дауыс беру Білім алу	Элиталар
Екінші толқын	1960-1990	Постколониалды және экзистенциалды идеология	Ұлттық күн тәртібі Әлем әйелдер құқығы ретінде Теңдік	Интеллигенция Буржуазия
Үшінші толқын	1990-2005	Институционализация	Құқықтық реформалар Гендерлік өзектілікті дамыту	ҮЕҰ
Төртінші толқын	2005-қазірге дейін	Көктем революциясы (адамдар өзгерісті талап етеді)	Отбасылық зорлық-зомбылық Класстық конфликт Қоршаған орта Сексизм	Батыстық феминист студенттер

Феминизм тарихы үшін қозғалыстардың бұқаралық сипатқа ие болуы маңызды болды. Оның ішінде жұмысшы әйелдер қозғалысының рөлі ерекше еді. 1910 жылдары АҚШ-та жанданған бұл қозғалыс бүкіл әлемдік маңызға ие болды. Төмен жалақы алатын жалдамалы

жұмысшылардың мүддесі, соның ішінде әйелдердің мүддесі алға тартылып, әлемнің әртүрлі бөліктеріндегі әйелдер арасында серпіліс туғызды. Күнкөріс деңгейін көтеру үшін күресу нақанды АҚШ-тан бірте-бірте басқа аймақтарға тарайды.

Бұл АҚШ, Франция, Англия, Африка мен Таяу Шығыстың әртүрлі бөліктеріндегі тең саяси құқықтар, әйелдердің сайлау құқығы үшін суфражистік қозғалысқа ұласты. Осы жылдары Рут Бейдер Гинзбург және Поли Мюррей сияқты құқық қорғаушылар феминистік қозғалыстардың қатысушыларының заңды құқықтары үшін күресті (Orleck, 2014).

Феминисттік қозғалыстар барлық елдерде әрқашан қиындықтарға тап болды. Ең үлкен қиындық саяси құқықсыздық болды: ХХ ғасырдың ортасына дейін көптеген елдерде әйелдердің сайлау құқығы болмады. Дауыс беру құқығынсыз оларды тындайтын мемлекет қайраткерлерін сайлау қиын болды. Екіншіден, әйелдерге әрқашан еркектерге қарағанда аз ақша төленетін және бұл факт әлі де солай. Экономикалық ресурстардың жетіспеушілігімен шайқаста олар жеңіске жете алмады. Ол үшін одақтастар қажет болды. Үшінші жағдай – әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық. Жыныстық зорлық-зомбылық әрқашан әйелді «тиісті орнында» ұстау тәсілі ретінде қолданылды.

Тағы бір маңызды қиындық – феминистік қозғалыстың ішінен бөлінуі. Қозғалысқа қатысушы барлық әйелдердің біріге алатын уақыты пен орны ешқашан болмады. Феминистік көшбасшылар көбінесе әйелдер арасындағы алауыздыққа әкелетін қателіктер жіберді. Мысалы, орта таптағы ақ нәсілді әйелдер өздерінің проблемаларын кедей әйелдер, түсті және лесбияндық әйелдермен бірдей деп есептеді, бірақ олар бір-бірінен мүлдем өзгеше еді.

Әр елдердегі феминизмнің даму қарқыны әр түрлі екені белгілі. Дамыған елдерде әйелдің мемлекет басында тұруына мүмкіндік беретін гендерлік стереотиптермен белсенді және табысты күрес жүргізілсе (Норвегия, Финляндия, Исландия), ал дамушы елдерде бұл стереотиптер әлі де әйелдердің эмансипациясына кедергі келтіруде.

Жеке елдердегі феминистік қозғалыстарға келер болсақ, Қытайдағы феминистік қозғалысты негізінен феминистік көзқарастағы ерлер бастағандығына көз жеткізуге болады. ХІХ-ХХ ғасырлардағы Қытайдағы негізгі ер феминистердің қатарына Лян Цичао, Ма Джунгу және Джин Тяньхэ кірді. 1897 жылы Лян Цичао әйелдерді еңбек қызметіне, саяси ортаға және білім беру саласына қатыстыруға шақырды. ХІХ-ХХ ғасырлардағы Қытайдағы феминистік көзқарастағы әйелдердің қатарында Лян Цзун, Хэ Чжен, Чен Сивен және Цю Цзинь есімді азаматшалар болды (Shen, 2019). Ертедегі Қытайда әйелдер

тең және лайықты құқықтар мен тәуелсіздікке қол жеткізу үшін күреске көбірек көңіл бөлді.

Әйелдер мәселесі мемлекеттік саясаттың басымдығы болған жоқ, сондықтан үкіметтің әйелдерге қатысты нақты шаралары феминистік қозғалыстың қысымымен қабылданды.

ХХ ғасырда Ресейдің саяси құрылымының өзгеруіне, өкілді органның – Мемлекеттік Думаның пайда болуына байланысты, сонымен қатар әйелдердің саяси теңдігіне қол жеткізуді мақсат еткен феминистік ұйымдардың қалыптасуына байланысты жағдай өзгере бастады (Хасбулатова, Гафизова, 2007). Алайда, айта кетерлік жайт, Ресейдегі феминистік қозғалыстың дамуына көп жылдық тарих негіз болды. 1917 жылғы әйелдердің құқықтар үшін күресі және осы құқықтарға қол жеткізуі гендерлік саяси теория тұрғысынан «дәстүрлі гендерлік логиканы» бұзудың жалпы алгоритмінің ерекше көрінісі ретінде қарастырылады (Айвазова, 2009). Ең алдымен ол заманда әйелдерді білім мен кәсіби еңбек арқылы қоғамдық өмірге қосу басты мақсаты болған қозғалыс дүниеге келді (Зубкова, 2002). Алпысыншы жылдағы феминистер орыс феминизмінің пайда болуы мен дамуына жол ашты, болашақ феминистік дискурстың маңызды тақырыптарын тұжырымдады (әйелдер білімі, әйелдер еңбегі, әйелдер денсаулығы, әйелдер құқығы), ұжымдық іс-әрекеттің жаңа түрлерін (әйелдердің өзара көмек қайырымдылық ұйымдары) тәжірибеде сынап көрді. Болашақта бұл бірқатар қызметшілер феминистік акцияларға қатысуды жалғастырды, әйелдер қозғалысының дамуының екі кезеңінің байланысын білдіретін ірі феминистік ұйымдардың құрамына кірді.

Әр түрлі елдердегі феминистік шерулердің тарихын салыстырмалы талдау Қазақстандағы әйелдер қозғалысының қалыптасу процестерін жақсы түсінуге көмектеседі. Қазіргі Қазақстандағы феминистік қозғалыс пен шетелдік тәжірибеге салыстырмалы зерттеу жүргізіп, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау үшін төмендегідей салыстыру көрсеткіштерді қолданылды (2-кесте):

- *Тарихи контекст* (әр елде феминистік қозғалыстың қалыптасуына қандай тарихи оқиғалар әсер етті? феминистік идеяларды дамытудың және қозғалысты жандандырудың негізгі нүктелері қандай кезеңдерде болды?);

- *Мақсаттар мен басымдықтар* (әр түрлі елдердегі феминистік қозғалыстар қандай нақты құқықтар мен проблемаларды тудырады? феминистік ұйымдар қандай әлеуметтік және саяси өзгерістерге қол жеткізуге тырысады?);

- Құрылымы және ұйымдастырылуы (әр елде феминистік қозғалыстарды ұйымдастырудың қандай формалары бар? (Мысалы, ұлттық ұйымдар, қоғамдық топтар, белсенді желілер және т. б.), феминистік қозғалыстың шерулері, акциялары мен іс-шаралары қалай ұйымдастырылған?);

- Белсенділікке көзқарастар (әр түрлі елдердегі феминистік ұйымдар белсенділіктің қандай

әдістерін қолданады? (қоғамдық митингілер, онлайн-акциялар, зерттеу жұмыстары, және т. б.), феминизм идеяларын тарату үшін медиа кеңістік қаншалықты қолданылады?);

- Қоғам мен биліктің қатынасы (әр елдегі қоғам мен саяси құрылымдар феминистік қозғалысқа қандай қатысы бар? феминистік ұйымдар билік пен қоғаммен өзара әрекеттесу кезінде қандай қиындықтар мен кедергілерге тап болады?).

2-кесте – Қазақстандағы феминистік қозғалыс пен шетелдік тәжірибеге салыстырмалы талдау

Елдер	Салыстырмалы талдау
АҚШ	Феминистік қозғалыстың әйелдердің азаматтық құқықтары үшін күресінің ұзақ тарихы бар. «Вашингтонға шеру» және «Әлемдегі әйелдер» сияқты шерулер әйелдердің дауыс беруге құқығы, денсаулық және теңдік құқықтарын басты назарға алды. Қоғам назарын аудару үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік медианы белсенді пайдалану.
Еуропа елдері	Феминизмнің екінші толқыны әртүрлі салалардағы әйелдер құқықтары үшін белсенді күреске әкелді. Шерулер мен акциялар жалақы теңдігіне, білімге қол жеткізуге және кемсітушілікке қарсы заңдарға бағытталған. Білім беру мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына үлкен мән беріледі.
Қытай	Қытайдағы феминизмнің саяси жүйе контекстінде өзіндік ерекшеліктері бар. Маңызды сәттерге теңдік үшін күрес және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жатады. Әлеуметтік желілерді және онлайн белсенділікті белсенді пайдаланылады.
Ресей	Ресейдегі феминизмнің тамыры әртүрлі тарихи кезеңдерге ие. Қазіргі феминистік қозғалыстар әйелдер құқығы мен зорлық-зомбылыққа қарсы күресуде. Билік пен қоғамның феминизмге қатынасы әртүрлі. Алайда, кейбір шерулер биліктің шектеулеріне тап болуы мүмкін.
Қазақстан	Феминистік қозғалыс жақында белсенді дами бастады. Шерулер мен акциялар әйелдердің құқықтары үшін, зорлық-зомбылық пен гендерлік кемсітушілікке қарсы күреске бағытталған. Медиа және интернеттегі белсенділік мәселелерін қамтуға үлкен мән беріледі.

Феминистік қозғалысты салыстырмалы зерттеу нәтижелері:

- Тарихи контекст: қарастырылған барлық елдерде тарихи оқиғалар мен әлеуметтік өзгерістер феминистік қозғалыстың қалыптасуына әсер етеді. Қазақстанда, басқа елдердегідей, қазіргі әйелдер қозғалысына тарихи факторлар әсер етеді.

- Мақсаттар мен басымдықтар: барлық елдердегі феминистік қозғалыстар әйелдер құқықтары үшін күреседі, бірақ басымдықтар әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, кейбір елдерде кемсітушілікке, басқаларында репродуктивті құқықтарға баса назар аударылады.

- Ұйымдастыру және әдістері: феминистік қозғалыстардың құрылымы әртүрлі: ұлттық ұйымдардан белсенді желілерге дейін. Әдістер де әртүрлі – қоғамдық шерулерден бастап онлайн акцияларға дейін.

- Әлеуметтік қабылдау: қоғам мен билік құрылымдарының феминизмге қатынасы әр түрлі болуы мүмкін. Кейбір елдерде феминизм кең

қолдау алады, ал басқаларында оппозицияға тап болады.

- Медиа кеңістігі: феминистік қозғалыстар идеяларды тарату және жұмылдыру үшін медианы белсенді пайдаланады. Интернеттегі белсенділік пен әлеуметтік медиа назар аударудың маңызды құралына айналуға.

Қазіргі Қазақстан мен шет елдердегі феминистік қозғалысты салыстырмалы зерттеу жалпы тенденциялар мен ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мәдени, әлеуметтік және саяси ерекшеліктерді ескере отырып, феминистік стратегияларды жергілікті контекстке бейімдеудің маңыздылығын көрсетеді. Шетелдік тәжірибе теңдік пен әділдікке қол жеткізуге ықпал ете отырып, қазақстандық әйелдер қозғалысын дамыту үшін шабыт пен сабақ көзі бола алады.

Жалпы, Қазақстандағы әйелдер құқығын қолдау қозғалысы, феминистік марштардың бастауы Кеңес үкіметі құрамында болған уақыттан бастау алады және Ресей империясындағы әйелдерге білім мен ақылы еңбекке қол жетімділікті

қамтамасыз ету үшін Бүкілресейлік қозғалыспен тығыз байланысты. Қазақтың ұлттық әйелдер қозғалысы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1990 жылдары ғана толыққанды қалыптасты (Игсатова, 2016).

Ресей империясының әйелдер эмансипациясына алғашқы жүйелі қадамы – орта кәсіптік оқу орындарының, әйелдер колледждерінің ашылуы болды. Қазақстандағы алғашқы әйелдер училищесі педагог және ағартушы Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен 1887 жылы Ырғыз қаласында (қазіргі Ақтөбе облысындағы ауыл) ұйымдастырылды (Казиев, 2014).

Қырғыз және қазақ әйелдерін азат етудің теориялық негіздері Алихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және XX ғасырдың басындағы басқа да қазақ ағартушыларының еңбектерінің арқасында қаланды және сыналды. Идеялардың тағы бір маңызды көзі Ирак ағартушысы Джамиль әл-Захабидің еңбектері болды.

Семей қаласында әйелдер қозғалысын орта-лықтандырудың алғашқы әрекеттері жасалды: 1907 жылы 18 наурызда Қазақстанда алғашқы әйелдер митингі өтті, ал 22 наурызда еңбекші әйелдер қоғамының жарғысын талқылау үшін жалпықалалық жиналыс өтті (Шафири, 1964).

Ақпан төңкерісінен кейін әйелдерді одан әрі босату бағыты жалғасты. «Алаш» партиясының бағдарламасы әйелдердің білім алу және қоғамдық өмірге қатысу құқығын бекітті (Ельмуратова, 2013). Әйелдер құқығын кеңейтуді жақтаушылар шеңберіндегі жаңа маңызды қайраткерлер қатарында журналист әрі саясаткер Колбай Тугусов және қазақтың алғашқы әйел дәрігерлерінің бірі, мұсылмандардың бірінші Бүкілресейлік съезінің делегаты Аққағаз Досжанова болды (Игсатова, 2017).

XX ғасырдың басындағы феминистік қозғалыстың жетекшілері қатарына отандастарымыз Алаш-Орданың белсенді қайраткері Санжар Асфендияровтың туған әпкесі Гүлсім Асфендиярова, және Аққағаз Досжанова кірді. Олар бірінші болып жоғары медициналық білім алып, ресми тіркелген дәрігерлер болып атанды. 1917 жылғы Мәскеу мұсылмандарының ақпан айындағы съезінде әр аймақтық бірлестіктен мұсылмандарды кем дегенде бір әйелден жоғары атқарушы органға жіберу туралы шешім қабылданды. Тек қазақ делегациясы Аққағаз Досжанованы кеңеске жіберуге шешім қабылдады, оның сайлануын кейінірек Бүкілқазақ съезі растауы керек еді.

1930 жылдары Қазақстандағы әйелдер қозғалысы, жалпы КСРО-дағы сияқты құлдырады. 1929 жылдың соңында әйелдер бөлімдері (Большая советская энциклопедия, 1972) таратылып, олардың функциялары партиялық ұйымдарға жалпы партиялық жұмыс тәртібімен берілді. Әйел бөлімдердің орнына әйелдер Кеңестері құрыла бастады, олардың өкілеттіктері шектеулі болды.

Қазақстанда заманауи әйелдер қозғалысын ұйымдастыруда, кеңейтуде және дамытуда 1945 жылы құрылған Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясы үлкен рөл атқарды, оның құрамына 1941 жылы құрылған кеңестік әйелдер комитеті кірді. Әйелдер қозғалысының екінші кезеңі соғыстан кейінгі жылдары болды, ал 1950 жылдары әйелдер кеңестерін қайта құруға әрекет жасалды, бірақ 1970 жылдары әйелдер кеңестерінің белсенділігі жойылды (Национальная энциклопедия, 2005).

Қазақтың ұлттық Әйелдер қозғалысы 1980 жылдары, қайта құру дәуірінде қайта жанданды. 1990 жылдардың басында бірқатар қоғамдық ұйымдар құрылды: мұсылман әйелдер Лигасы (1992), Феминистік лига (1993), «Әйел және құқық» лигасы (1993), «Шығармашылық бастама» лигасы (1994), «Жанар» әйел кәсіпкерлерді қолдау қоры (1993), халықаралық қауымдастық «Лиана» (1993), «Шығыс әйелдері» халықаралық қауымдастығы (1994), «Қазақстан әйел кәсіпкерлері» қауымдастығы (1994) және т.б. Қазақстандық әйелдер ұйымдарының басшылары үкіметтік емес әйелдер ұйымдарының дүниежүзілік форумына (Пекин, 1995 жыл) және БҰҰ-ның әйелдер құқықтары жөніндегі 4-ші конференциясына қатысты (Салагдинова, 2003).

1998 жылғы сайлау алдында әйелдер ұйымдарының коалициясы құрылып, кейіннен әйелдер сайлау блогы болып қайта құрылды. Коалиция барлық басқару құрылымдарында әйелдер үшін 30 пайыздық квота енгізу туралы ұсыныс жасады, бірақ бастама орындалмады. Сонымен қатар, сайлауға жүргізілген зерттеулердің біріне сәйкес, қазақстандық әйелдердің тек 6%-ы ғана саяси қызметпен айналысуға ниет білдірді. Соған қарамастан, қоғамдық ұйымдар әйелдер құқығын қорғау үшін мемлекеттік билікпен диалогты жалғастыруда (Шалтыков, 2012).

Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған Қазақстанның үкіметтік емес әйелдер ұйымдарын бірнеше топқа бөлуге болады және олардың әрқайсысының өзіндік жұмыс бағыттарымен қызмет етеді (3-кесте):

3-кесте – Қазақстанның үкіметтік емес әйелдер ұйымдарының тізімі

№	Жұмыс бағыттары	Ұйымдар
1	Білім беру мен ағарту	Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің зияткерлік еңбек әйелдерінің одағы
2	Аналық, балалар	Мүгедек балалардың ата-аналарының қауымдастығы, Қазақстанның көп балалы отбасылар Одағы, «Мөлдір» ҚБ, Алматы сарбаз аналарының комитеті және т. б.
3	Денсаулық мәселелерімен байланысты ұйымдар	«Бибі-ана» асырауында балалары бар мүгедек әйелдердің Республикалық қоғамы, Ана мен бала денсаулығын сақтаудың республикалық орталығы
4	Жұмыссыз әйелдердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту үшін белсенді білім беру қызметін жүргізетін бизнес-саладағы әйелдер ҰЕҰ	Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығы, «Қазақстанның әйел кәсіпкерлері» одағы және олардың өңірлердегі филиалдары және т. б.
5	Кризистік орталықтар	«Подруги», «Забота», «Незабудка» кризистік орталықтары, Тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер институты

Әйелдер қоғамдық ұйымдарының қызметіне негізінен халықаралық қорлар (Сорос-Қазақстан қоры, Counterpart Consortium, «Еуразия» қоры) және еуропа елдерінің елшіліктері (Нидерланды, Германия, Ұлыбритания) демеушілік жасайды (Кодар, Алиев, 2016).

2010 жылдары Қазақстанда феминизмнің үшінші толқыны мен ЛГБТ қозғалысымен бір мезгілде байланысты әйелдердің азаматтық бастамаларының ерекше түрі пайда болды: «Feminita», «FemPoint», «ҚазФем», «ФемАстана». Дәстүрлі феминистік ұйымдардан айырмашылығы, бұл бастамашыл топтар бейресми бірлестіктер болып табылады және көбінесе құқық қорғау органдарымен қақтығыстарға түседі. Осылайша, «Қазфем» тобы ұйымдастырған билікпен келісілген алғашқы акцияны тек 2019 жылы ғана өткізуге қол жеткізді.

Арт-феминизм белсенділерінің жағдайы әлдеқайда еркін түрде көрініс табады.

- «Feminita» әйелдер құқығын қорғаумен қатар, ЛГБТ бастамаларының бірыңғай платформасын құруды мақсат етеді.

- «FemPoint» лесбияндарды қолдауға, соның ішінде бір жынысты некені қорғауға бағытталған.

- «Қазфем» радикалды солшыл және анархо-феминистік бағытты ұстанады. «Қазфем» басқа ұйымдардан ерекшеленеді, оның қызметіне тек әйелдер ғана қатыса алады.

- «ФемАстана» – атауында көрсетілгендей Астана қаласынан шыққан жоба. Феминизмнің қандай да бір нақты бағыты аясында өздерін әлі анықтамаған.

2017 жылдың 8 наурызында «Қазфем» қатысушылары алғаш рет Алматыда феминистік маршын – ашық көше акциясын өткізді (tengrinews.kz, 2017). Іс-шара жыл сайынғы іс-шара ретінде жоспарланған болатын, бірақ алдымен ол қазақстандық биліктің қарсылығын тудырды, ал 2018 жылы оған мүлдем тыйым салынды. 2017 жылдың мамыр айының басына жоспарланған «Әйелдер тарихи түні» акциясын да өткізу мүмкін болмаған еді. 2018 жылдың тамыз айында «FemPoint» Алматы Арбатында әйелдер етеккірін дестигматизациялауға арналған фотосессия ұйымдастырды. Қызыл бояумен күйылған және киімге жалғанған санитарлық төсеніштері бар қыздардың фотосессиясы әлеуметтік желілерде резонанс тудырды. Кейін фотосессияға қатысушылардың бірі Жанар Секербаева («Feminita» негізін қалаушы) ұсақ бұзақылық жасағаны үшін сотталды (Esquire.kz, 2018). Жанар Секербаева мен Гүлзада Сержан Шымкент қаласына келіп, пікірлестердің кездесуін ұйымдастыру жоспарланған болатын, бірақ бұл процесте оларға ислам фундаментализмінің жергілікті ізбасарлары мен антифеминистердің физикалық және ауызша шабуылдары болды (Айсаров, 2019). Соңында белсенділерге ҚР ҚК-нің 387-бабы «Билік өкілін қорлау» бойынша қылмыстық іс қозғалды.

2019 жылдың қыркүйегінде Алматы қаласы әкімдігінен алғаш рет келісілген феминистік марш өткізу туралы оң жауап алынды. Марштың өзін «Не молчи» және «FemPoint» бастамашыл топтарының қатысуымен «Қазфем» тобымен ұйымдастырылып, 2019 жылғы 28 қыркүйекте өтті. Негізгі күн тәртібі әйелдерге қатысты зор-

лық-зомбылықты жою, ал басты ұран «әйелдер құқығы – адам құқығы» болды. «Казфем» мәліметтері бойынша, іс-шараға 150-ге жуық адам қатысты. 2020 жылдың 8 наурызында «Казфем», «Феминита», «Фемагора», «Фемсреда» және «Свет» бастамашыл топтарымен бірлесіп жыныстық қудалау мен тұрмыстық зорлық-зомбылықты криминализациялау талаптарымен марш өткізді. Алайда бұл акция қалалық әкімдіктің келісімінсіз өтті. Көп ұзамай екі алматылық белсенді Арина Осиновская мен Фариза Оспанға рұқсат етілмеген митингке қатысқаны және ұсақ бұзақылық жасағаны үшін айыппұл салынды (Informburo.kz, 2020).

2021 жылы 8 наурыздағы алғашқы ресми ірі марш өтті, оған Алматы қаласы әкімдігінің рұқсаты алынды. Марштың ресми ұйымдастырушылары «Казфем», «Феминита», «Фемагора», «Фемсреда» және «SVET» ҚҚ ұйымдарының қолдауымен Әйри Асиева мен Жәмила Қассымхан болды. 8 наурыздағы марш Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ірі әйелдер маршы болды – әр түрлі мәліметтер бойынша, оған 500 – 1000 адам жиналды (Маулетбай, 2021). Марш тақырыбы «Әртүрлі әйелдердің құқықтары мен белсенділігі» болды, ал басты ұран – «Феминизм Қазақстанды құтқарады». Соңғы қарарда ұйымдастырушылар әр түрлі топтағы әйелдерге қауіпсіздікті, бірдей жалақы төлеуді, тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстық жауапкершілікке тартуды және жыныстық зорлық-зомбылықпен күресуді келесідей сөзбен талап етті:

«Біздің барлығымызда өзімізді қауіпсіз сезінбейтін және заңдар бізді қорғамайтын елде өмір сүру тәжірибеміз бар. Бірақ біз оны өзгерту үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. 8 наурыздағы әйелдер феминистік маршы – барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары үшін күрестің тарихи күні. 8 наурыз – біздің мерекеміз, ол қоғамдағы әйелдер үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерге қол жеткізуге бағытталған. Тәуелсіз Қазақстанда біз қазақтың алғашқы журналистерінің бірі, педагог және феминист Назипа Құлжанованың нұсқауларын ұстанамыз, ол 1923 жылы еркін әйел елді ілгерілете алады деп жазған» (Instagram KazFem, 2021).

2021 жылғы 16 қарашада үш қазақстандық белсенділер бес феминистік топтың («Казфем», «Феминита», FemPoint, «Свет» және «Фемагора») атынан Алматыда бейбіт әйелдер маршын

өткізуге келісім алу туралы өтініш және 2022 жылғы 8 наурызда бейбіт түрдегі марш өткізуі туралы хабарлама берді. Қалалық әкімдік 26 қарашада іс-шараны келісуден жазбаша түрде бас тартты, бұл күні сол жерлерде және сол уақытта «мәдени-бұқаралық және ойын-сауық іс-шаралары» мен «жөндеу жұмыстары» жоспарланғанын айтты. 2022 жылдың ақпан айында Алматы әкімдігі «Казфем», «Феминита», «Фемагора» және «Фемсреда» феминистік топтарына және «Свет» қоғамдық қорына «Әрбір әйел маңызды» және «Феминизм Қазақстанды құтқарады» деген ұрандармен әйелдер маршы мен митингін өткізуді мақұлдағаны белгілі болды.


8 наурызда Алматыда өткен шеру мен митингтің ресми парақшасында айтылғандай, 2022 жылы шерудің басты тақырыбы – әйелдердің мемлекет істерін басқаруға қатысуы. 2020 жылдан бастап Қазақстанда саяси партиялардың сайлау тізімдерінде әйелдер мен жастар үшін 30%-дық квота белгіленгеніне қарамастан, ел Парламенті құрамындағы әйелдер саны бұл деңгейге ешқашан жеткен емес. Қазақстан Мәжілісіндегі әйелдер саны 1999 жылдан бері өсіп келеді, бірақ тіпті үштен біріне жеткен жоқ (1-сурет).

Осындай жағдай басқа мемлекеттік құрылымдарда – мәслихаттарда, әкімдіктерде, министрліктерде және ірі корпорацияларда да байқалады.

Қазақстандағы шағын және орта бизнес кәсіпорындарының 44,2%-ын әйелдер басқаратынына қарамастан, ірі корпорациялар басшыларының тек 4,2%-ын әйелдер құрайды. Табыстағы гендерлік алшақтық 33% -ды құрайды. Әйелдер әдетте ерлерден қосымша және иерархияның төменгі деңгейлерінде жұмыс істейді (cabar.asia.kz, 2022).

Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметтері бойынша, гендерлік алшақтық индексі негізінде еліміз 2017 жылдан 2021 жылға дейін 52-ші орыннан 80-ші орынға түсіп, бірден 28 пунктті жоғалтқан болатын. Ал, 2022 жылғы деректері бойынша Қазақстан гендерлік теңсіздік бойынша өз көрсеткіштерін 65-орынға дейін көтеріп біршама жақсартты (Global Gender Gap Report, 2017; 2021; 2022).

Сонымен қатар, көрші және аймақтағы елдерге қарағанда, Қазақстандағы гендерлік теңдік жағдайы біршама көш ілгері тұрғаны рас (3-кесте).



1-сурет – Қазақстан Мәжілісіндегі әйелдер мен ерлер санының көрсеткіші

3-кесте – Қазақстанның және көршілес елдердің әлемдік гендерлік теңдік бойынша рейтингі

Қазақстан және көршілес елдер	2017	2021	2022
Қазақстан Республикасы	52	80	65
Қырғыз Республикасы	85	108	86
Өзбекстан Республикасы	-	-	-
Тәжікстан Республикасы	95	108	114
Ресей Федерациясы	71	81	-

Сонымен қатар, саяси құқықтар мен мүмкіндіктерге тең қол жеткізу өлшемі бойынша еліміз 146 елдің ішінде 103-орында екенін атап өткен жөн. Мұндай төмен көрсеткіштер әйелдерді жоғары саяси өкілетті және атқарушы органдарға көбірек тарту қажеттігін білдіреді.

8 наурызда Алматыда өткен бейбіт шеру мен митингіні ұйымдастырушылар мұндай көрініс саясаттағы әйелдердің ғана емес, сонымен қатар зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер, көп балалы аналардың, саяси тұтқындардың, жалғызбасты аналардың, ауыр экономикалық жағдайдағы әйелдердің, есірткіге тәуелді әйелдер мен АИТВ-мен өмір сүретін қазақстандықтардың проблемаларының шешілмегендігін түсіндіреді деп санайды.

Атап көрсетілген марштардың барлығын қарастыра отырып, саяси билік тарапынан толыққанды қолдау болмайтындығын және марштар өткізуге рұқсат алудың өзі үлкен күш пен қа-

жырлы еңбекті талап ететінін байқауға болады. Жергілікті билік органының мұндай марш өткізу туралы хабарламаға оң жауабы Қазақстан үшін сирек жағдай болып табылады. Марштың қарсыластары тарапынан оны бастамас бұрын да әлеуметтік желілерде акцияны жоюға деген шақырулар болды. Бұл шеруді ұйымдастырушыларға маршты бұзу қаупі туралы хабарламалар түсіп отырды.

Жоғарыда қарастырылған әр елдегі феминизм тарихын салыстырмалы талдаудан көріп отырғанымыздай, феминизм әрбір ел үшін әлеуметтік кеңістіктің қажетті бөлігі болып табылады. Қазіргі Қазақстанда бұл тақырыптың маңыздылығы әлі де даусыз, яғни феминистік қозғалыс тұтастай алғанда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы контекстінде, сондай-ақ азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуының элементі ретінде өзектіленуде. Қазір феминизм көтеретін мәселелер (дискриминация, объективация және

сексуализация, стереотиптеу және т.б.) маңызды және өзекті, әсіресе бүгінгі және болашақ ұрпақтың призмасы арқылы.

Қазіргі жастардың феминистік қозғалысқа, оның қатысушылары мен қызметіне қатынасын зерттеу мақсатында 2022 жылы ақпан-сәуір айлары аралығында тәуелсіз әлеуметтанулық зерттеу де жүргізілді. Сауалнамаға негізінен 17-29 жас аралығындағы Алматы қаласындағы әртүрлі университеттен қатысқан студенттердің (N=274) пікіріне негізделген. Іріктеу кездейсоқ емес квоталық әдістемемен жүзеге асырылды, яғни іріктеудің берілген параметрлері жынысы, жасы, тұратын жері болып табылады. Сауалнамаға қатысқандардың 52%-ы әйелдер, 48%-ы ерлердің үлесін құрайды. Іріктеудің жас ерекшелігі зерттеуде келесідей ұсынылды: 17-18 жас – 17,3%, 19-21 жас – 37,2%, 22-24 жас – 13,2%. 25-27 жас – 21%, 28-29 жас – 11,3%.


Әлеуметтік өзгерістер өмірлік өзін-өзі анықтаудық кешенді мәселесі тұрған жастар ұрпағына едәуір дәрежеде әсер етеді. Қазақстан жастарының осы міндетті қалай шешетініне біздің қоғамымыздың қазіргі және болашағы байланысты. Бұл кәсіптік және жеке потенциалы көп жағдайда білім беру институтымен қалыптасатын студент жастарға қатысты ерекше маңызға ие.

Сауалнама студенттерге Google forms платформасы арқылы электронды форматта ұсынылды. Зерттеу барысында алынған деректерді біз тек жалпыланған түрде қолдандық. Сауалнама сұрақтары бізді қызықтыратын тақырыптар және әйелдер мен феминизмге қатысты даулы аспектілерді қарастырады.

Сауалнама бойынша, респонденттердің «Әйелдер өз құқықтарын ерлермен тең дәрежеде қорғауы керек пе?» деген сұраққа жауаптары келесідей көрініс тапты: сауалнамаға қатысқандардың 81,7%-ы әйел өз құқығын тең дәрежеде қорғауы керек; 18,3%-ы әйел өз құқығын еркектермен тең дәрежеде қорғауы керек емес деп санайды (2-сурет). Талдау бойынша, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі феминизм тұжырымдамасымен таныс және оның қазіргі әлемдегі ролін қолдайды, яғни, әйелдердің қоғам өміріне толыққанды қатысуы, оның ішінде өз әлеуетін толық іске асыру мүмкіндігі көпшілік үшін маңызды деп айта аламыз, бұл өз кезегінде еңбек нарығының әртараптандырылуына және серпінді дамуына ықпал етеді.

Және де «Қазақстандағы әйелдер құқықтарының жай-күйін қалай бағалайсыз?» деген 10 баллдық шкаламен бағалау сұрағы қойылды, ол бойынша әйелдер құқықтарының жай-күйін рес-

понденттер орташа бағалайды (82%), бұл көптеген гендерлік мәселелерге қатысты мемлекеттік институттар мен бөлімдер, сондай-ақ заңдар бар болған жағдайда да ең жақсы нәтиже болып табылмайды: 2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасының отбасылық және гендерлік саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2009 жылы қабылданған «Ерлер мен әйелдердің мемлекеттік кепілдіктері мен тең мүмкіндіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңдар, 2005 жылы гендерлік зерттеулер орталығы және басқалар.




2-сурет – «Әйелдер өз құқықтарын ерлермен тең дәрежеде қорғауы керек пе?» сұрағының жауаптары

Келесі, сауалнамаға сәйкес, студент жастар феминизм туралы біледі немесе кем дегенде бір рет естіген. Яғни, «Сіз феминизмнің не екенін білесіз бе?» деген сұраққа 97,8% «иә» деп жауап берді. Алайда, сауалнамаға қатысқандар арасында феминизмді түсіну әр түрлі. Мысалы, егер респонденттердің 95%-ы феминизмді «әйелдер құқығы үшін қозғалыс» деп жауап берсе, қалған 5%-ы феминизмді «батыстық құндылықтар арқылы енген жастар қозғалысы» деп санайды. Сонымен қатар келесідей жауаптар да кездеседі: «менің ойымша, феминизм – бұл әйелдердің еркектерге деген реніші», «Алайда, отбасында күйеуі мен әйелі тең құқықтарға ие болуы керек...», «феминизм идеясы ақылға қонымды, бірақ оны жүзеге асыру аздап артта қалған, өйткені бұл қозғалыс ерлерге деген жеккөрушілікті насихаттай бастаған сияқты». Бұл дегеніміз, азаматтардың көпшілігі бұл қозғалыстың не мақсат үшін күресіп жатқанын біледі, бірақ олардың барлы-

ғы феминизмді тең құқықтар үшін күрес ретінде емес, жастардың актуалды тренді ретінде қабылдайды, сондықтан оны байыпты қабылдай бермейді.

Феминизм түсінігі бойынша хабардарлығын 97,8% мәлімдегенімен, сауалнамаға қатысқандардың тек 53,5%-ы феминизмге оң көзқараспен қарайды (3-сурет). «Феминизмге деген қатынасыңыз қалай?» деген сұраққа 53,5% – оң, 40,5% – бейтарап, ал қалған 6% – теріс деп жауап берді. Яғни, студент жастардың «феминизм» қозғалысына қатынасын толықтай нақты деп атауға болмайды.



3-сурет – Респонденттердің «Феминизмге деген қатынасыңыз қалай?» деген сұраққа жауаптары

Феминизмге деген теріс, бейтарап немесе оң көзқарасының себебі туралы сұраққа 52 жауап тең құқықты қалау және әйелдердің мәртебесін қорғау туралы болды, 36 – ақпарат жетіспейтіндіктен немесе қызығушылықтың жоқтығынан көп жағдайда бейтарап деп жауап берді, 12 – себебін түсіндіруден бас тартты.

Феминизмге деген екіұшты көзқарас көптеген факторларға байланысты: бұл сөздің кеңестік кезеңге де тән тұрақты теріс коннотациялары, әйелдер эмансипациясының батыс қоғамдарынан өзгеше логикасы, әйелдер үшін «қос» жүктемені және қоғамдық саладағы жасырын гендерлік кемсітушілікті сақтай отырып, декларацияланатын ресми гендерлік теңдік, экономиканың либералды идеологиясы мен капиталистік құрылымы, сондай-ақ Қазақстандағы

қазіргі гендерлік саясатқа тән консервативті құндылықтарды белсенді насихаттау.

Феминизм сияқты қозғалыс студент жастар арасында да өзекті болып табылады. Сондықтан оларға келесідей сұрақтар қойылды. «Қазақстанда феминизм бүгінгі күні өзекті деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа келесідей: – 62% -ы «ия, өзекті» деп санаса, 15%-ы «жоқ, өзекті емес», ал 23%-ы «жауап беруге қиналамын» деген жауаптар алынды. Респонденттердің жартысы қазіргі Қазақстандағы феминизм әлі де өзекті деп санайды. Жауаптарды толық нақтылау барысында, «Қазақстандағы бұл қозғалыстың өзектілігін немен байланыстырасыз?» деген сұрақ қойылды. Сонымен, респонденттердің пікірінше, Қазақстандағы феминизмнің өзектілігі көбінесе елімізде орын алып отырған тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жоғары деңгейімен (72%) және әйелді сексуалды объект ретінде қабылдаумен (70%) байланысты. Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен әйелдердің объективтілігіне сілтеме жасайтын респонденттердің жоғары пайызы бұл мәселелердің Қазақстанда ерекше маңызды екенін және феминистердің де, саясаткерлердің де шұғыл назарын талап ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, респонденттердің әйелдердің жыныстық кемсітушілігін (64%), әйелдер мен ерлердің тең емес жалақысын (44%) және кедейлік пен жұмыссыздық (34%) сияқты басқа да әлеуметтік мәселелерді мойындауы Қазақстанда феминизмге деген қажеттілікті одан әрі күшейтеді.


Келесі респонденттерге «Сіздің ойыңызша, қазіргі замандағы адамдарды феминизм қозғалысына қосылуға не итермелейді?» деген сұраққа жауаптар алынды (4-сурет).

Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, феминизм қозғалысына қосылудың ең көп таралған себебі – қоғамда әйелдерді кемсітудің болуы (68%). Бұл жауап көптеген адамдар феминистік қозғалысқа қосылады, өйткені олар қоғамдағы әйелдердің алдында тұрған кемсітушілік пен теңсіздікті мойындайды деп болжайды. Олар феминизм бұл мәселелерді шешудің және жеңудің жолын ұсынады деп сенуі мүмкін. Гендерлік қатынастар мәселесі (жыныстық таптар мен жас топтарының әлеуметтік нормаланған өзара әрекеттесуін қамтиды) 60% респонденттердің таңдауы болды. Бұл жауап кейбір адамдардың мәселені гендердің қалай конструкцияланатындығынан және оның қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесуге қалай әсер ететіндігінен көреді. Олар феминизм бұл нормаларға қарсы тұрудың және өзгертудің жолын ұсынуы мүмкін деп санайды. Кейбір

респонденттер (48%) адамдарға танымал мәдениет немесе феминизмнің медиа көріністері әсер еткендіктен феминистік қозғалысқа қосылуы мүмкін деп болжайды. Олар мұны тренд ретінде қарастыруы мүмкін.

Сауалнамаға қатысқандардың 18%-ы әйел жыныстық өмірде қанағаттанбаған жағдайда ғана өз құқықтары үшін күресе бастайды деп санайды. Олар феминизмді осы мәселелерді шешудің және олардың өмірін жақсартудың тәсілі ретінде қарастыруы мүмкін.

Жалпы, зерттеу нәтижесі бойынша, феминизмнің барлық жетістіктеріне қарамастан, шешілмеген салада репродуктивті зорлық-зомбылық проблемалары қалады – әйелдерге БАҚ пен бүкіл қоғам тарапынан қысым жасау, әйелді тек ана болу арқылы ғана реализация мүмкіндігін насихаттау, түсік жасатуға тыйым салу қозғалысы, әйелден босанудың салдарын жасыру, жыныстық білімнің болмауы. Мұның бәрі әйелге қысым жасайды, оны өз денесін басқару мүмкіндігінен айырады.



4-сурет – Респонденттердің «Сіздің ойыңызша, қазіргі замандағы адамдарды феминизм қозғалысына қосылуға не итермелейді?» деген сұраққа жауаптары

Қазіргі феминизм күресетін мәселелердің тағы бір тобы – «отбасылық» мәселелер, оған абьюзер туралы ақпаратты жасыру, абьюзерді жасыру, тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыссыздандыру, абьюзді романтизациялау және қарым-қатынастағы зорлық-зомбылықты қамтиды.

Әлеуметтанулық зерттеуді талдау нәтижелері бойынша біз бірнеше маңызды қорытынды жасай аламыз. Феминизм ұғымы бүгінде студент жастардың көпшілігіне дерлік таныс екенін көрсетті, соның арқасында адамдардың көпшілігі бұл қозғалыстың не үшін күресіп жатқанын және не нәрсеге ұмтылатынын түсінеді деп санайды. Жартысынан көбі берілген қозғалыстың бағытын және оның мақсатын толық түсінеді. Бірақ, алынған мәліметтерден көрініп тұрғандай, адамдардың басым көпшілігінде феминизм идеялары туралы түсініксіз немесе бұрмаланған түсініктер де бар. Бұл стереотиптердің тамырлануына әкелуі, әйелдердің ерлермен теңдік үшін

күресін қиындатуы және тежеуі мүмкін. Алайда, адамдардың көпшілігі қоғамдағы әйелдердің мәселелерін қандай да бір жолмен болсын түсінеді, олардың үкіметтен қолдауының болмауы, сондай-ақ қозғалысқа қатысты өз пікірлерінің болуы әйелдер қозғалысының белсенділігінің оң нәтижесі болып табылады.

Сондай-ақ, жастардың көпшілігі феминизм әйелдердің құқықтарын толықтай қорғау үшін жасалғанына сенімді. Респонденттердің жартысына жуығы өздерін осы қозғалыстың бір бөлігі деп санайды және оны қолдайды. Шамамен жартысы феминизмге оң көзқараспен қарайды, ал біршамасы бейтарап, бұл осы бағыттың одан әрі кеңейіп, студент жастардың мақұлдауына ие болатынын көрсетеді.

Қорытындылай келе, сауалнамаға қатысушыларға нақты жағдайды қалай жақсартуға болатындығы туралы сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігінің пікірінше, қазіргі жағдайды жақсарту үшін ең тиімді әдістер – бұл

тақырыпқа қоғамдық назарды аударту (60%), сондай-ақ әйелдердің құқықтарын қорғайтын заңдарды енгізу не күшейту (51%). Ұзақ мерзімді перспективада БАҚ-та феминизм мәселелерін көбірек жариялай отырып, сондай-ақ әйелдердің құқықтарын заңдық негізде қолдай отырып, қазақстандық феминизм әйелдерге қатысты әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқа да мәселелерді шешу үшін жеткілікті ресурстарға ие болады.

Сонымен қатар, зерттеудің дұрыстығына көз жеткізу үшін және Қазақстандағы феминизмнің қазіргі жағдайы мен марш ұйымдастырудағы мәселелер жайында ақпараттар алу үшін 2022 жылдың қазан айында феминизм саласындағы сарапшылардан пікір алу үшін терендетілген сұхбат әдісі қолданылды. Қазақстандағы феминизм мен марш ұйымдастырудағы қиындықтар туралы сұрақтарға «Феминита» феминистік бастамасының негізін қалаушылар, фем-белсенділер, зерттеушілер Ж. Секербаева және Гульзада Сержаннан жауаптар алынды. Сұхбат Zoom платформасы арқылы ұйымдастырылды.

Фем-белсенді Ж.Секербаеваның пікірі бойынша феминизм – бұл, *«әділеттілік, теңдік және патриархатты құлату үшін күрес. Бұл дегеніміз, біз біреу біреуге бағынуы керек кез келген иерархиялық тәжірибені төмендетуге тырысамыз. Бұл адамдар абсолютті теңдікке қол жеткізген және бәрі жақсы болатын өте идеалды қоғам туралы армандау сияқты»*. Және де Г.Сержанның пікірінше, *«Феминизмнің түпкі мақсаты – дүние жүзіндегі әйелдер күнделікті кездесетін жүйелік теңсіздіктерді жою және қоғамда теңдікке қол жеткізу»* болып табылады.

Келесі фем-белсенділерге Қазақстандағы феминизмнің жағдайы туралы келесідей: *«Қазақстанда феминизм бар ма? Қандай ол, қазақстандық феминизм?»* сұрақтары қойылды. Ж.Секербаеваның пікірінше, феминистік идеяларды қазақстандық феминистка-әйелдер де, про-феминист ерлер де ұстанады. Қазақстанда бірнеше түрлі фем-топтар бар, олардың қатысушылары ел әйелдерінің өмірін жақсартуға тырысады. Қазақстан қоғамына феминизмнің керектігінің себептерін ол келесідей түсіндіреді: *«Бізге феминизм қажет, себебі біздің елімізде әлі күнге дейін қалыңдықтарды ұрлайды – қалыңдықтың келісімінсіз-ақ, жай ғана адамды ұрлап кетеді! Бұл ғана емес, содан кейін «ұяттың» салдарынан көптеген қыздар ұрлаушыдан кете алмай, қалуға мәжбүр болады. Себебі біздің елде әйелдер ер адамдармен салыстырғанда аз табыс*

табады, олардың жүкті болуынан қорқып, жұмысқа алғысы келмейді. Себебі бізде феминистердің бейбіт марш ұйымдастыруына рұқсат етіле бермейді, ал олардың бар айтқысы келгені – ерлер мен әйелдердің теңдігі».

Ал фем-белсенді Гульзада Сержанның пікірінше, әйел құқықтарының сақталуы үшін феминизм принциптерін білу әрбір адам үшін қажетті және жеткілікті шарт болып табылады. Яғни, әйел өзін қоғамның толыққанды қатысушысы ретінде сезінуі үшін феминизм қажет.

Келесі қазақстандық феминистік ұйымдардың атқарып жатқан жұмыстарын білу мақсатында, *«Қазір Қазақстан феминистері немен жұмыс істеп жатыр?»* деген сұрақ қойылды. Фем-белсенділердің айтуы бойынша, барлық феминистер мен феминистік ағымдар бір-бірінен ерекшеленеді және әртүрлі нәрселермен айналысады. Алматыда оннан астам түрлі феминистік жобалар бар және әр фем-қозғалыстар басымдықтарға ие екендігін атап өтті.

KAZFEM UN Women және UNFPA зерттеулерін қамтыған әйелдердің негізгі мәселелерін қарастырады: тұрмыстық зорлық-зомбылық, қудалау, мүгедектікке алып келетін дәстүрлері (ерте неке, келінізация), жыныстық зорлық-зомбылық, жалақы теңсіздігі, бала мен үй күтіміндегі теңсіздік.

ФЕМИНИСТКА лесбиянкалар, бисексуалдар, квир- және транс-әйелдердің құқықтарын қорғау үшін күреседі. Олар осы әйелдердің білімге, медициналық көмекке және т.б. қол жетімділігін жақсарту үшін жұмыс істейді және жұртшылықты осы топтың құқықтары туралы хабардар етеді.

Шымкенттік жоба FEMINISMKZ ағартушылық қызметпен айналысады. Олар стереотиптермен күреседі және феминизм туралы ұқыпты ақпарат береді.

Фем-белсенділерді Ж.Секербаеваның пікірі бойынша, *«феминистік топтардан басқа, Қазақстанда әйелдердің өмірін жақсарту үшін күресетін, бірақ өздерін феминизммен байланыстырмайтын түрлі әйелдер ұйымдары бар»*.

Ресми түрде Орталық Азияның әр елінің Конституциясы сөз, пікір және ақпарат бостандығына кепілдік береді. Осы құқықтарды іске асыру құралдарының бірі – жария акциялар, бейбіт митингілер, шерулер, пикеттер мен манифестациялар, марштарды өткізу құқығы болып табылады. Осыған байланысты *«Алайда, бұл құқықты іс жүзінде жүзеге асыру оңай ма?»*, *«Елімізде осындай бейбіт шерулер өткізу мәдениетінде не өзгерді? Билік тарапынан мұндай іс-*

шараларды қабылдау динамикасы қандай? Марш өткізуде, азаматтар, белсенділер мен азаматтық қоғам, сондай-ақ билік тарапынан әйелдер маршына деген көзқарас та қаншалықты дамыған?» деген және басқа да мәселелер Ж.Секербаева мен Г.Сержанмен талқыланды.

Қазақстан Республикасында 2020 жылғы 25 мамырда бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы Заңы енгізілген болатын. Бұл заңнаманың анықтамасы бойынша, бейбіт жиналыс бұл – сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, ҚР азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара. Ал, бейбіт шеру – қоғамдық маңызы бар мәселелер және адамдардың, органдардың, ұйымдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша пікірін жария білдіру мақсатында ҚР азаматының немесе азаматтары тобының көлік құралдарын пайдаланбай белгілі бір уақытта, белгілі бір маршрут бойынша жүріп өтуі, талаптар қойыла отырып немесе онсыз жүзеге асырылады (adilet.zan.kz, 2020).

Сұхбат барысында фем-белсенді Ж.Секербаева бұл жағдай байланысты пікір айтты: *«Елімізде саясат деңгейінде бейбіт шерулерді ұйымдастыруда белгілі бір кедергілер орын алып отырады. Ел президенті Қ.К.Тоқаевтың бастамасымен жаңа заң күшіне енген болатын. Алайда, бұл жаңа заңды билік тарапы прогрессивті және жақсы деп санағанымен, онда 1995 жылғы заңда болған барлық жағымсыз белгілері (тотальды бақылау) бар. Бұл жаңа заңнамаға қарамастан, алдымен бізде әлі де хабарламалық процедура емес, іс жүзінде рұқсат беру процедурасының де-фактосы бар. Екінші – біздің азаматтар тиісті заңда көзделген қалалардың аймақтарында ғана бейбіт шерулерге қатысуға құқылы. Сонымен қатар, бейбіт шерулерге рұқсат беретін мемлекеттік органдардың бейбіт шерулерді өткізуден бас тартуға немесе оны процесс барысында шектеуге немесе оның дамуының кез-келген сатысында тоқта алатын ауқымды негіздемесінің бар болуы сияқты үлкен мәселе бар».*

Қазақстанда әйелдерді қолдауға арналған бейбіт митингілер, флешмобтар мен пикеттер әдетте айыппұлдармен және қамауға алумен аяқталады. Бірақ осыған қарамастан, Халықаралық әйелдер күнінде митинг пен бейбіт марш өткізу

Қазақстанның фем-қозғалысы үшін жыл сайынғы дәстүрге айналды.

«Біздің ұйым 2017 жылдан бері бейбіт митинг өткізуге тырысуда. Алайда 2021 жылы ғана әкімдік бірінші рет рұқсат берді», – дейді Г.Сержан.

Фем-белсенділер атап өткендей, бейбіт жиналыстар туралы Заң стандарттарға сәйкес келмейді, ұлттық заңдарға да, оның ішінде әрбір адамның қалалар мен басқа да елді мекендердің көшелерінде бейбіт, қарусыз жиналуға құқығы бар екендігі туралы нақты жазылған Қазақстан Республикасының Конституциясына да сәйкес келмейтінін айтуға болады.

Мысалға келтірер болсақ, қазақстандық феминистер 2022 жылғы акцияны өткізуге 2021 жылы 16 қарашада Алматы әкімдігіне бейбіт шеруді келісу туралы өтініш және 2022 жылғы 8 наурызда митинг өткізу туралы хабарлама берген болатын. Екі күннен кейін олардан өтінішке түзетулер енгізуді сұрап, ал 22 қарашада олар митинг өткізуден бас тартты. Әкімдікте бұны 8 наурызда қаладағы барлық орындардың басқа да іс-шаралармен бос болмайтындығымен түсіндірілді.

2022 жылғы 7 ақпанда феминистік қозғалыс белсенділеріне Алматы билігі тарапынан 8 наурызда әйелдер шеруі мен митингін өткізуге рұқсат берілді. 9 ақпанда әкімдік митинг өткізуді келісу туралы жауап жіберді, ал 17 ақпанда көшелерде жөндеу-монтаждау жұмыстарының себебінен бейбіт шеруді өткізуінен бас тартты.

«Қазақстан билігі ешқашан феминистік қозғалысты қолдаған емес. 2021 жылдың мамыр айының соңында Шымкентте «Феминита» қазақстандық феминистік бастамасының негізін қалаушылары ретінде Г. Сержан екумізге агрессивті ерлер тобы шабуыл жасады. Біз қала тұрғындарымен әйелдердің құқықтары туралы кездесу өткізуді жоспарлаған болатынбыз», – деп атап өтті Ж.Секербаева. Ал шілде айында Қарағандыда осындай тренингті әкімдік қызметкерлері тоқтатып, ұйымдастырушылар мен қатысушыларды полиция ұстады.

Фем-белсенділердің айтуынша, бір не бірнеше митингтер арқылы әйелдердің жағдайын жақсарту мүмкін емес, алайда бейбіт митингілер мен шерулер өткізу – осы мәселелерді көрсетудің бір жолы. *«Әйелдердің белсенділігі билік үшін күрес емес, өмір үшін күрес. Біз бәріміз ерекшеленеміз. Бірақ бізді әділдікке, теңдікке және бостандыққа деген ұмтылыс біріктіреді»,* – дейді Г. Сержан.

Марш пен митинг ұйымдастырушыларымен 2022 жылы 14 желтоқсанда болатын әйелдер маршы үшін өтініш жазылды. 2023 жылғы 8 наурыздағы басты ұраны: «Дене дербестігін қолдау, сексуалдандырылған зорлық-зомбылыққа қарсылық» болып табылады.

Қазақстанда әйелдерді қолдауға арналған бейбіт шерулер, митингілер, марштар мен пикеттер әдетте айыппұлдармен және қамауға алумен аяқталады. Бірақ осыған қарамастан, Халықаралық әйелдер күнінде митинг пен бейбіт шеру, марштар өткізу Қазақстанның фем-қозғалысы үшін жыл сайынғы дәстүрге айналды.

Келесі сұхбат соңында, «Соңғы 10 жылда Қазақстанда феминистер неге қол жеткізе алды?» деген сұраққа жауап алынды. Жоғарыда қарастырылған шетелдік тәжірибелер көрсеткендей, әйелдер құқығындағы маңызды өзгерістерге қол жеткізу үшін басқа елдердегі феминистер он жылдан астам уақыт жұмсады. Қазақстандағы феминистік қозғалысқа небәрі 6 жыл, бірақ осы уақыт ішінде біршама жетістіктерге қол жеткізді.

Ж. Секербаева Қазақстанда әйелдердің құқықтары, гендерлік стереотиптер, тұрмыстық зорлық-зомбылық, еңбекақы төлеудегі теңсіздік және тұрмыс шаруашылығының бөлінуі туралы жиі айтыла бастағанын, секс-жұмыскерлер, ЛГБТИК+ қоғамдастық, әйелдер үшін тыйым салынған кәсіптер тізімі туралы да айта бастағанын атап өтті. Қазақстан Парламентінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы заң қызу талқыланды. Ал соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында көбірек фем-жарияланымдар пайда болды.

«Мен [Қазақстандағы феминизмнің] жетістіктері туралы ұзақ мерзімді қадамдар ретінде ойлағым келеді. Егер біз қысқа мерзімді жетістіктерге назар аударатын болсақ, бізге «Міне! Сіздер белгілі бір нәрсеге қол жеткіздіңіздер. Сіздерге осының өзі жетпейді ме?» деп айтады. Иә, әрине, аз! Өйткені, біз қол жеткізген нәрсе біздің ұрпақ үшін ғана емес, ұзақ мерзімді болуы керек». Жанар жұртшылықтың назарын Қазақстандағы феминизмнің жетістіктері қандай болмасын, оларға мұнымен тоқтап қалуға болмайтындығына аударады.

8 наурызда Алматыда өткен бейбіт марштар мен митингіні ұйымдастырушылар мұндай көрініс гендерлік зорлық-зомбылықты бастан өткерген әйелдердің ғана емес, сонымен қатар көп балалы аналардың, саяси тұтқындардың, жалғызбасты аналардың, ауыр экономикалық жағдайдағы әйелдердің, есірткіге тәуелді әйелдер

мен АИТВ-мен өмір сүретін қазақстандық әйелдердің мәселелерінің шешілмегендігін түсіндіреді деп санайды.

«Қазақстанда әйелдер үшін көптеген шектеулер бар. Мысалы, елде мүгедек әйелдер жай ғана стерилизациялануы мүмкін, ал олардың репродуктивті құқықтары олардың келісімінсіз бұзылады. Айта кету керек, көптеген мәселелер бар. Мұның бәріне назар аудару керек», – дейді Г. Сержан.

Зерттеу нәтижелерін талдау бойынша, Қазақстандағы феминистік марштарға деген консервативті көзқарастардың үстемдігіне постколониалдық менталитет те әсер етеді. Отаршылдықтан енді ғана шыға бастаған қоғам ескі дәстүрлерді, тіпті адамгершілікке қарсы болса да, қалпына келтіргісі келеді, бірақ сонымен бірге қазіргі өркениет пен жана технологиялардың артықшылықтарын пайдаланудан бас тартпайды.

Билік басындағылардың бейбіт шерулердің ұйымдастырылуына байланысты қандай саясатты қолданып отыр? деген де сұрақ туындайды. Жалпы, акцияға қатысушы оппозицияға бейім топтар да бар, оларда да бұл акцияға қатысты өз пікірлері де қалыптасқан. Билік саяси емес күн тәртібімен шеруді әдейі «арнайы» бекітеді. Әкімдіктер режимді тікелей сынайтын митингілерге келіспеуге тырысады, бірақ «демократияның көрінісі» ретіндегі мұндай шерулерді қолдауға қарсы емес. Яғни, билік гендерлік теңдік мәселелері бойынша шеру өткізуді мақұлдау арқылы критиктерге Қазақстандағы бейбіт жиындарға құқықтар сақталатынын көрсету үшін бұл акцияны «пайдалануы» сияқты жасырын саясатты қолдануы мүмкін.

Жалпы, әйелдердің қозғалысы мәселенің фокусына қарамастан, бірнеше себептерге байланысты жастардың гендерлік қатынасын қалыптастыруына әсер етеді. Біріншіден, гендерлік иерархиялар әлеуметтік қозғалыстарда жиі кездесетіндіктен, әйелдер негізгі ойыншылар болып табылатын наразылықтар гендерлік теңсіздік мәселелерін көтереді және сайып келгенде, бар иерархияларға қарсы тұрады. Екіншіден, әйелдердің наразылықтарындағы белсенділік пен көшбасшылық бұл әйелдерді үлгі ретінде көрсете алады, бұл жастарды гендерлік тең құқықты болуға әсер етеді. Көшеде наразылық білдірген әйелдердің қалыпты жағдайы гендерлік теңдікке ұмтылуды және тең құқықты гендерлік рөлдерді қабылдауға дайын болуды ынталандыруы мүмкін.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде келесідей қорытындылар жасалды: феминизм қоғамдағы әйелдердің тең құқықтарының идеологиясы ретінде Батыста XIX ғасырдың ортасындағы меншігі бар орта таптың либералдық қозғалысының бөлігі ретінде пайда болды; феминистік қозғалыстың бірінші кезеңінде-ақ негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтады: заң алдындағы екі жыныстың теңдігі, үкіметте тең өкілдік, қоғамдық өмірге тең қатысу. Феминизм қозғалыс ретінде толқындар деп аталатын төрт биік сәттердің сериясын бастан өткеріп, әр толқын белгілі бір мәдени кезеңді және әйелдердің қозғалыстарға қатысуын көрсетті. Шетелдік тәжірибелерге шолу арқылы, феминистік қозғалыстар барлық елдерде әрқашан қиындықтарға тап болғаны анықталды. Қазақстандағы әйелдер құқығын қолдау қозғалысы, феминистік марштардың бастауы Кеңес үкіметі құрамында болған уақыттан бастау алды. Қазақтың ұлттық әйелдер қозғалысы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1990 жылдары ғана толыққанды қалыптасты. Қазіргі Қазақстандағы феминистік қозғалыс пен шетелдік тәжірибеге салыстырмалы зерттеу жүргізіп, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау үшін салыстыру көрсеткіштерді қолданылды. Салыстырмалы талдау Қазақстандағы және басқа елдердегі феминистік қозғалыстың мақсаттары, әдістері, ұйымдастырылуы мен көзқарасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл қазақстандық феминизмнің даму мәнмәтінін жақсы түсінуге және өз стратегиялары мен тактикаларын бейімдеу және дамыту үшін басқа елдердің тәжірибесін пайдалануға көмектеседі. Нәтижесінде, әр елдің феминистік қозғалыстың дамуына әсер ететін өзіндік тарихи, мәдени және саяси ерекшеліктері бар. Бұл феминизмнің стратегиялары мен әдістерін жергілікті шындыққа бейімдеу керек дегенді білдіреді. Барлық феминистік қозғалыстар гендерлік теңдікке, әйелдердің құқықтарын құрметтеуге және гендерлік кемсітушілікке қарсы тұруға ұмтылады. Бұл жалпы ұмтылыс бүкіл әлемдегі феминистік ұйымдарды біріктіреді. Қарастырылған барлық елдер өздерінің мақсаттары мен мәселелеріне назар аудару үшін медианы, онлайн платформаларды және қоғамдық іс-шараларды белсенді пайдаланады. Бұл өз идеялары мен талаптарын тиімді байланыстыруға мүмкіндік береді. Шерулер мен митингілерден бастап зерттеу жұмыстары мен білім беру бағдарламаларына дейін әр түрлі

елдерде белсенділік әдістерінің алуан түрлілігі байқалады. Бұл феминистік ұйымдардың икемділігі мен бейімделуін көрсетеді. Барлық елдерде феминистік қозғалыс кейбір қоғамдық топтардың теріс көзқарасы немесе билікпен өзара әрекеттесудегі қиындықтар сияқты қиындықтар мен кедергілерге тап болады. Алайда, феминистік ұйымдар әйелдер құқықтары үшін күресте де маңызды жетістіктерге жетуде. Жалпы алғанда, салыстырмалы зерттеу феминистік қозғалыс стратегиясын жасау кезінде жергілікті контекстті ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл ретте басқа елдермен тәжірибе және идеялар алмасу қазақстандық әйелдер қозғалысын байыта алады және оның теңдік пен әлеуметтік әділеттілік жағына қарай одан әрі дамуына ықпал ете алады.

Әлеуметтанулық зерттеу, сауалнама нәтижелері бойынша «феминизм» сөзінің бүгінде барлығына дерлік таныс екенін көрсетті, соның арқасында адамдардың көпшілігі бұл қозғалыстың не үшін күресіп жатқанын және не нәрсеге ұмтылатынын түсінеді. Бірақ, алынған мәліметтерден көрініп тұрғандай, адамдардың басым көпшілігінде феминизм идеялары туралы түсініксіз немесе бұрмаланған түсініктер бар. Алайда, адамдардың көпшілігі қоғамдағы әйелдердің мәселелерін қандай да бір жолмен болсын түсінеді, олардың үкіметтен қолдауының болмауы, сондай-ақ қозғалысқа қатысты өз пікірлерінің болуы әйелдер қозғалысының белсенділігінің оң нәтижесі болып табылады. Қазіргі жағдайды жақсарту үшін ең тиімді әдістер ретінде: бұл тақырыпқа қоғамдық назарды аудару, сондай-ақ әйелдердің құқықтарын қорғайтын заңдарды енгізу не күшейтуді қолға алу қажет. Ұзақ мерзімді перспективада БАҚ-та феминизм мәселелерін көбірек жариялай отырып, сондай-ақ әйелдердің құқықтарын заңдық негізде қолдай отырып, қазақстандық феминизм әйелдерге қатысты әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқа да мәселелерді шешу үшін жеткілікті ресурстарға ие болады.

Сондай-ақ алынған тереңдетілген сұхбат нәтижелерін талдау феминизм мәселелерін қамтудың маңыздылығы, қазақстандық феминистік марштарды ұйымдастыруда саяси билік тарапынан толыққанды қолдау болмайтындығын және марштар өткізуге рұқсат алудың өзі үлкен күш пен қажырлы еңбекті талап ететінін көрсетті. Және де елдегі феминистік марштарға деген консервативті көзқарастардың үстем болуына постколониалдық менталитет те әсер етеді.

Қорыта келе, демократияны дамыту, қазіргі әлемде адам құқықтарын қамтамасыз ету адам-

заттың жартысын құрайтын әйелдердің құқықтарын сақтамай мүмкін емес. Қазіргі зерттеушілердің пікірінше, әйелдер мәселесі – бұл әлеуметтік өмірдің экономикалық, құқықтық және этикалық жақтарын қамтитын күрделі әлеуметтік мәселе. Әдебиетте «кез-келген қоғамның мәдениеті мен өркениетінің көрсеткіші – әйелдің ондағы орны мен рөлі» деген пікір қалыптасқан. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, біздің еліміздегі әйелдердің рөлін, оның тарихының барлық кезеңдерін қарастырып зерттеу, қазақстандық әйелдердің қоғамның экономикалық және рухани өмірінің дамуына қосқан үлесін толық, жан-жақты талдау маңызды.

Осы мақала шеңберінде әйелдер маршының пайда болу тарихы мен қазіргі жағдайын шетелдік және қазақстандық тәжірибелерді салыстыра отырып, сондай-ақ қазіргі жастардың феминистік қозғалысқа, оның қатысушылары мен қызметіне қатынасын зерттеу мақсатында жүргізілген сауалнама, және Қазақстандағы феминистік марш ұйымдастырудағы мәселелерді анықтауда феминизм саласындағы сарапшылардан тереңдетілген сұхбат алу, бұқаралық ақпарат құралдарын контент-талдау арқылы зерттеу келесідей

тұжырымдар жасауға жол ашады. Кез келген елдегі феминистік қозғалыстың қалыптасуы мен дамуы нақты әлеуметтік-саяси және тарихи контекстіге байланысты болып келеді. Қозғалыстардың тарихтағы динамикасын зерттей келе, мемлекеттік саясаттың қозғалыс дамуындағы үлесін анық байқауға болады. Заң немесе институционалды тұрғыдағы шектеулер (шерулерге шектеу орнату, саяси қудалау, қоғамдағы стигманы қалыптастыру, феминистік үлгідегі үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын бұғау және т.б.) феминистік қозғалыстың дамуына ықпалын тигізеді. Осы тұрғыдан қарастырғанда, саяси плюрализмді мойындаған елдерде бейбіт феминистік қозғалыстардың дамуы – үйреншікті жағдай деп тұжырымдауға болады.

Феминистік қозғалыстың еркін дамуында азаматтық қоғамның тигізер ықпалы да зор. Осында ескерер жайт, феминистік қозғалыс – көлденең немесе төменнен жоғарыға бағытталған құбылыс, тиісінше, азаматтық қоғамның араласуын талап ететін бұқаралық феномен. Демек, үкіметтік емес ұйымдарды қолдау тетіктері кеңейген сайын, феминистік қозғалыстың даму қарқыны да ұлғая түспек.

Әдебиеттер

- Айвазова С.Г. Политическое участие женщин: немного истории и теории // *Женщина в российском обществе*. – 2009. – № 3(52). – С. 3-12.
- Айсаров Д. Первый разрешённый митинг феминисток прошёл в Казахстане [Электронный ресурс] URL: <https://informburo.kz/novosti/pervyy-razreshyonnyy-miting-feministok-prohodit-v-kazahstane> (Дата обращения 15.09.2022).
- Большая советская энциклопедия: в 30 т. / гл.ред. А.М. Прохоров. – Москва: Совет. энцикл., 1972. – С. 631.
- Brooks A. *Postfeminisms: Feminism, Cultural Theory and Cultural Forms*. – London: Routledge, 1997. – P. 256.
- Двух активисток оштрафовали за участие в женском марше // *INFORMBURO* [Электронный ресурс] URL: <https://informburo.kz/novosti/dvuh-aktivistok-oshtrafovali-za-uchastie-v-zhenskom-marshe-v-almaty> (Дата обращения 10.09.2022)
- Walker R., Hamm M. *Becoming the Third Wave* // *Ms. Magazine*. – 1992. – № 2(11). – P. 39–41.
- Gamble S. *The Routledge Companion to Feminism and Postfeminism*. – London: Routledge, 2004. – P. 26-35.
- Goldstein L.F. Early Feminist Themes in French Utopian Socialism: The St.-Simonians and Fourier. *Journal of the History of Ideas*. – 1982. – № 1(43). – P. 91-108.
- Ельмуратова Б.Ж. Феминизм – как социокультурный феномен в трудах отечественных историков [Электронный ресурс] URL: <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/29736> (Дата обращения 15.10.2022).
- Женские марши в Казахстане: «Мы не остановимся, пока права женщин не улучшатся» // *CABAR ASIA* [Электронный ресурс] URL: <https://cabar.asia/ru/zhenskie-marshi-v-kazahstane-my-ne-ostanovimsya-poka-prava-zhenshhin-ne-uluchshatsya> (Дата обращения 15.09.2022).
- Зубкова Е.Ю. «Новые люди» России: развитие женского движения от истоков до Октябрьской революции // *Вопросы истории*. – 2002. – № 1. – С.164-166.
- Игсатова Д. Қыздарға арналған білім беру жүйесін құру (XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басы) [Электронды ресурс] URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/3816> (Қарау уақыты 15.09.2022).
- Игсатова Д. Одна из первых феминисток [Электронный ресурс] URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/3924> (Дата обращения 15.09.2022).
- Казиев С.Н. Национально-просветительское движение и проекты национализма в Казахстане в конце XIX начале XX в // *Вестник Алтайского государственного университета*. – 2014. – № 4(84). – С. 128-133.
- Кодар З.М., Алиев Ш.Ш. Продвижение идеи гендерного равенства в Казахстане // *Научное обозрение. Реферативный журнал*. – 2016. – № 2. – С. 42-48.
- Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы 2020 жылғы 25 мамырдағы № 333-VI ҚРЗ. Заңы [Электронный ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000333> (Дата обращения 21.09.2022).

- Cott N.F. *The Grounding of Modern Feminism*. – New Haven: Yale University Press, 1987. – P. 13.
- Crotti R., Pal K.K., Ratcheva V., Zahidi S. *Global Gender Gap Report 2021*. – Geneva: World Economic Forum, 2021. – P. 404.
- Leopold T.A., Ratcheva V., Zahidi S. *Global Gender Gap Report 2017*. – Geneva: World Economic Forum, 2017. – P. 349.
- Malinowska A. *Waves of Feminism // The international encyclopedia of gender, media, and communication*. USA: JohnWiley & Sons.Inc., 2020. – P. 1-7.
- Маулетбай С. В Алматы 8 марта прошёл митинг за права женщин [Электронный ресурс] URL:<https://informburo.kz/novosti/sam-stirai-svoi-noski-v-almaty-8-marta-prosyol-miting-za-prava-zenshin> (Дата обращения 18.09.2022)
- Национальная энциклопедия. «Казахстан»: в 2 т. гл.ред. Б.Аяган. – Алматы: Главная редакция «Қазақ энцикопедиясы», 2005. – С. 560.
- Orleck A. *Rethinking American Women’s Activism*. – London: Routledge, 2014. – P. 244.
- Pal K.K., Piaget K., Ratcheva V., Baller S., Zahidi S. *Global Gender Gap Report 2022*. – Geneva: World Economic Forum, 2022. – P. 373.
- Резолюция Женского Марша 8 марта 2021 года // Instagram KazFem [Электронный ресурс] URL: https://www.instagram.com/p/CMNI_eTn7g8/ (Дата обращения 17.09.2022).
- Салагдинова Е. Женское движение Казахстана: десять лет истории [Электронный ресурс] URL: <https://www.caravan.kz/articles/zhenskoe-dvizhenie-kazakhstan-desyat-let-istorii> (Дата обращения 17.09.2022).
- Shen Y. *Feminism in China: An Analysis of Advocates, Debates, and Strategies*. – Beijing: Friedrich Ebert Foundation, 2018. – P. 25.
- Феминистку судят за хулиганство после фотосессии на алматинском Арбате // ESQUIRE [Электронный ресурс] URL: https://esquire.kz/feminitasekerbayeva/?doing_wp_cron=1668898408.7317180633544921875000 (Дата обращения 13.10.2022).
- Феминистки прошли маршем по Арбату в Алматы // TENGRINEWS [Электронный ресурс] URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/feministki-proshlis-marshem-po-arbatu-v-almaty-313736/?ysclid=lc9k63 (Дата обращения 09.10.2022).
- Hanley K., Wollstonecraft M. *Pedagogy, and the Practice of Feminism*. – USA: Taylor & Francis, 2013. – P. 198.
- Henry A. «Waves» // *Orr C.M. Rethinking Women’s and Gender Studies (Kindle)*. – New York: Routledge, 2012. – P. 2071.
- Хасбулатова О.А., Гафизова Н.Б. Женское движение в России (вторая половина XIX — начало XX века). – Иваново: Иван. гос. ун-т, 2003. – С. 255.
- Шалтыков А.И. Женские неправительственные организации в Казахстане // *Материалы VIII Международной научно-практической конференции «Научная мысль информационного века – 2012»*. – 2012. – 22. – Наука и студия., – С. 64.
- Шафиро Ш. Первые группы РСДРП и начало профсоюзного движения в Казахстане (1905-1907 гг.). – Алматы: Изд.«Казахстан», 1964. – С. 215.
- Young S. *Changing the World: Discourse, Politics and the Feminist Movement*. – London: Routledge, 1997. – P. 260.

References

- Ayvazova S.G. (2009) Politicheskoye uchastie zhenshin: nemnogo istorii i teorii [Women’s Political Participation: A Bit of History and Theory]. *Woman in Russian society*, vol.52, no 3, pp. 3-12. (In Russian)
- Aysarov D. (2019) Pervyy razreshonnyy miting feministok proshol v Kazakhstane [The first permitted feminist rally was held in Kazakhstan]. URL: <https://informburo.kz/novosti/pervyy-razreshonnyy-miting-feministok-prohodit-v-kazakhstane> (date of reference September 15, 2022). (In Russian)
- Brooks A. (1997) *Postfeminisms: Feminism, Cultural Theory and Cultural Forms*. London: Routledge, 256 p.
- Cott N.F. (1987) *The Grounding of Modern Feminism*. New Haven: Yale University Press, 13 p.
- Crotti R., Pal K.K., Ratcheva V., Zahidi S. (2021) *Global Gender Gap Report 2021*. Geneva: World Economic Forum, 404 p.
- (2022) Dvukh aktivistok oshtrafovali za uchastie v zhenskom marshe v Almaty [Two activists fined for participating in women’s march in Almaty]. INFORMBURO. URL: <https://informburo.kz/novosti/dvuh-aktivistok-oshtrafovali-za-uchastie-v-zhenskom-marshe-v-almaty>. (Date of reference September 10, 2022). (In Russian)
- Elmuratova B.Zh. (2013) Feminizm – kak sotsiokul’turnyy fenomen v trudakh otechestvennykh istorikov [Feminism as a socio-cultural phenomenon in the works of Russian historians]. URL: <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/29736>. (Date of reference October 11, 2022). (In Russian)
- Feministku sudyat za khuliganstvo posle fotosessii na almatinskom Arbate [A feminist is on trial for hooliganism after a photo shoot on the Almaty Arbat]. ESQUIRE. URL: https://esquire.kz/feminitasekerbayeva/?doing_wp_cron=1668898408.7317180633544921875000. (Date of reference October 13, 2022). (In Russian)
- Feministki proshlis’ marshem po Arbatu v Almaty [Feminists marched along the Arbat in Almaty]. TENGRINEWS. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/feministki-proshlis-marshem-po-arbatu-v-almaty-313736/?ysclid=lc9k63 (Date of reference October 09, 2022). (In Russian)
- Gamble S. (2004) *The Routledge Companion to Feminism and Postfeminism*. London: Routledge, pp. 26-35.
- Goldstein L.F. (1982) Early Feminist Themes in French Utopian Socialism: The St.-Simonians and Fourier. *Journal of the History of Ideas*, vol. 43, no 1, pp. 91–108.
- Great Soviet Encyclopedia (1972), ed. A.M. Prokhorov. Moscow: Soviet Encyclopedia, 631 p.
- Hanley K. (2013) *Mary Wollstonecraft, Pedagogy, and the Practice of Feminism*. USA: Taylor & Francis, 198 p.
- Henry A. (2012) “Waves”. *Rethinking Women’s and Gender Studies (Kindle)*, edited by Orr C.M. New York: Routledge, 2071 p.

Igsatova D. (2016) Kyzdarga arналған bilim беру zhuyesin kuru (XIX gasyrdyn ayagy — XX gasyrdyn basy) [Creation of a system for educating girls (late 19th century – early 20th century)]. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/3816>. (Date of reference September 15, 2022). (In Kazakh)

Igsatova D. (2017) Odnа iz pervykh feministok [One of the first feminists]. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/3924>. (Date of reference September 15, 2022). (In Russian)

Kaziyeв S. N. (2014) Natsional'no-prosvetitel'skoye dvizheniye i proyektы natsionalizma v Kazakhstane v kontse XIX nachale XX v [National-enlightenment movement and projects of nationalism in Kazakhstan in the late 19th early 20th century]. *Bulletin of the Altai State University*, vol.84, no. 4, pp. 128-133. (In Russian)

Kazakh encyclopedias (2005). “Kazakhstan” National Encyclopedia: in 2 v., ed. Ayagan B. Almaty: The main edition of “Kazakh encyclopedias”, 560 p.

Khasbulatova O.A., Gafizova N.B. (2003) Zhenskoye dvizheniye v Rossii (vtoraya polovina XIX — nachalo XX veka) [Women's movement in Russia (second half of the 19th – early 20th centuries)]. Ivanovo: Ivanovo state. univer., 255 p. (In Russian)

Kodar Z.M., Aliyev Sh.Sh. (2016) Prodvizheniye idei gendernogo ravenstva v Kazakhstane [Promoting the idea of gender equality in Kazakhstan]. *Scientific review. Abstract journal*, no 2, pp. 42-48. (In Russian)

Law of the Republic of Kazakhstan dated May 25, 2020 No. 333-VI ЗРК on the procedure for organizing and holding peaceful assemblies in the Republic of Kazakhstan. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000333> (Date of reference September 21, 2022).

Leopold T.A., Ratcheva V., Zahidi S. (2017) Global Gender Gap Report 2017. Geneva: World Economic Forum, 349 p.

Malinowska A. (2020) Waves of Feminism. *The international encyclopedia of gender, media, and communication*, USA: JohnWiley & Sons. Inc, pp. 1-7.

Mauletbay S. (2021) V Almaty 8 marta proshol miting za prava zhenshchin. Informburo.kz. URL: <https://informburo.kz/novosti/sam-stirai-svoi-noski-v-almaty-8-marta-prosyol-miting-za-prava-zenshhin> (Date of reference September 18, 2022). (In Russian)

Orleck A. (2014) Rethinking American Women's Activism. London: Routledge, 244 p.

Pal K.K., Piaget K., Ratcheva V., Baller S., Zahidi S. (2022) Global Gender Gap Report 2022. Geneva: World Economic Forum, 373 p.

Rezolyutsiya Zhenskogo Marsha 8 marta 2021 goda [Resolution of the Women's March on March 8, 2021.]. Instagtam KazFem. URL: https://www.instagram.com/p/CMNI_eTn7g8/ (Date of reference September 17, 2022). (In Russian)

Salagdinova E. (2003) Zhenskoye dvizheniye Kazakhstana: desyat' let istorii [Women's movement in Kazakhstan: ten years of history]. URL: <https://www.caravan.kz/articles/zhenskoe-dvizhenie-kazakhstana-desyat-let-istorii-376298/?ysclid=lc9i4aicn8296504318>. / (Date of reference September 17, 2022). (In Russian)

Shalytkov A.I. (2012) Zhenskiye nepravitel'stvennyye organizatsii v Kazakhstane [Women's non-governmental organizations in Kazakhstan]. *Materials of the VIII International Scientific and Practical Conference “Scientific Thought of the Information Age – 2012”*, no 22, Pshemysl': Science and Studio, 64 p.

Shafiro Sh. (1964) Pervyye gruppy RSDRP i nachalo profsoyuznogo dvizheniya v Kazakhstane (1905-1907gg) [The first groups of the RSDLP and the beginning of the trade union movement in Kazakhstan (1905-1907)]. Almaty: Edition “Kazakhstan”, 215 p.

Shen Y. (2018) Feminism in China: An Analysis of Advocates, Debates, and Strategies. Beijing: Friedrich Ebert Foundation, 25 p.

Walker R., Hamm M. (1992) Becoming the Third Wave. *Ms. Magazine*. vol. 11, no 2, pp. 39–41.

Young S. (1997) Changing the World: Discourse, Politics and the Feminist Movement. London: Routledge, 260 p.

(2022) Zhenskiye marshi v Kazakhstane: “My ne ostanovimsya, poka prava zhenshchin ne uluchshatsya” [Women's marches in Kazakhstan: “We will not stop until women's rights improve”]. CABAR ASIA. URL: <https://cabar.asia/ru/zhenskie-marshi-v-kazahstane-my-ne-ostanovimsya-poka-prava-zenshhin-ne-uluchshatsya>. (Date of reference September 15, 2022). (In Russian).

Zubkova E.Yu. (2002) “Novyye lyudi” Rossii: razvitiye zhenskogo dvizheniya ot istokov do Oktyabr'skoy revolyutsii [“New people” of Russia: the development of the women's movement from its origins to the October Revolution]. *Questions of history*, no 1, pp. 164-166. (In Russian)